

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ

ХАЙРИДДИН СҰЛТАНОВ, МҮРТАЗА ҚАРШЫБАЕВ

ОТАН СЕЗІМІ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТИН МЕКТЕПТЕРДІҢ
6-СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚОЛДАНБАСЫ

*Үлттық идея және идеологияғының практикалық
орталығы баспаға ұсынған*

Толықтырылған және қайта өңделген 4-басылымы

ТАШКЕНТ «МАЬНАВИЯТ» 2015

УҮК 37.035.6=512.122

ББК 74.200.50

С 90

Жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған бұл оқу қолданбасы Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримовтың «Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch» және «O’zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітаптары негізінде қайта өнделген. Онда Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизм негіздерін қалыптастыратын тақырыптар оқушылардың өзіндік түсінік-ұғымдары ескеріліп, қызықты мысалдар, өмірлік дәлелдер және заманалық әдістемелік тәсілдер арқылы берілген.

УҮК 37.035.6=512.122

ББК 74.200.50

Жауапты редактор:

философия ғылымдарының кандидаты *Абдурахим Эркаев*

Сұлтанов Хайриддин.

С 90 Отан сезімі: жалпы орта білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған оқу құралы / Х. Сұлтанов, М. Қаршыбаев; жауапты ред. А. Еркаев; аударғ. А. Тащметов; Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру министрлігі. Өзбек тілінде қайта өнделіп, толықтырылған 7-басылуына сәйкес казақша 4-басылуы. — Т.: «Маънавият», 2015. — 120 б. I. Қаршыбаев Мұртаза.

ISBN 978-9943-04-140-0

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— кілт сөздер



— зер салып оқы



— біліп ал



— шығармашылық тұрғыдан ойла



— есте сақта



— сұрақтарға жауап тап

**Респубикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-04-140-0

© Х. Сұлтанов, М. Қаршыбаев, 2015

© «Ma’naviyat», 2015

Бірінші тарay. ОТАН АЗАТТЫФЫ – ЖОҒАРЫ ИГІЛІК

ЕҢ ҰЛЫ, ЕҢ ФАЗИЗ МЕРЕКЕ

Ассалаумагалейкүм, қадірлі оқушы!

Сен жаңа оқу жылын бастап, тағы да сүйікті мектебіңің құшағына оралған бүл күндерде елімізде мерекелік салтанаттар жүріп жатыр. 1 қырқүйек – Тәуелсіздік күні екенін сен, әрине, жақсы білесің.

 **Отан – дүниедегі ең ұлы, ең қастерлі ұғым болғандықтан, оның тәуелсіздігі де соншалықты қадірлі болыш табылады.**

Бүгін сен пайдаланып отырған мүмкіндіктер – көрікті мектеп, жарық та кең сынып бөлмелері, компьютерлер, ақпарат-ресурс орталықтары, спорт аландары, заманауық оқулықтар мен оқу құралдары өздігінен пайда болған жок. Тәуелсіздіктен бұрын оларды көз алдымызға елестетудің өзі қыын еді.

 **Тәуелсіздік ел-жұрттымызды қанау мен езгіден құтқарды, оның занды құқықтарын, ар-ожданын, абырай-мақтанышын, тарихын, тілі мен дінін, ұлттық құндылықтарын тіктеді. Сол себепті Тәуелсіздік күні – біз үшін ең ұлы, ең ғазиз мереке.**

Біз көбінесе өзіміз тыныс алатын, өміріміздің ең манызды шарты болып саналатын таза ауа мен бейбіт те алансыз өмірдің қандай ұлы бақыт екені жөнінде тереңірек ойладап көрмейміз. Шынтуайтқа келгенде, оларды пайдаланбай, тұтынбай өмір сұру мүмкін емес.

Сен бүгінде еркін де азат, бейбіт те алансыз елде өмір сүріп, заманалық білім ордаларында білім мен тәрбие алып отырсын. Өкінішке орай әлемдегі барлық елдерде де балалар бұндай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмайды.

АУҒАН ҚЫЗЫНЫҢ АРМАНЫ

Француз кино шеберлері түсірген «Будда да ұялғанынан жарылып кетті» деп аталатын көркем фильмде бір кішкентай қыздың бүкіл болмысымен білім алуға ұмтылуы, бірақ Ауғанстандағы тұрақсыз жағдай, ыза-екекке берілген азғындардың бұған кедергі келтіргені жайлы сөз болады. Жас қызың қаншалықты азап пен мазаққа шыдай жүріп, азын-аулак ақша табады да, оған дәптер сатып алады. Әйтсе де қаламға ақшасы жетпейді. Ақыры анасының қасқа жағатын қаламын алып, мектепке аттанады. Жолшыбай соғысты өмірдің мазмұны деп түсінген бұзакы балаларға кездеседі. Олар қызды «тұтқынға» алып, тірідей жерге көмбек болады. Қызың амалын тауып, олардың қолдарынан сыйылып шығады да, бір мектепке қашып барады. Өкінішке орай бұл тек үл балаларға арналған мектеп болғандықтан, мұғалім оны көшеге айдан салады.

Жас қызы енді сонау шалғай қыстақтағы қыздар мектебіне жол тартады. Бірақ басқа қыстақтан келгендіктен, ол бұл жерден де қуылады. Осылайша көшеде қалған қыздың әуел баста өзіне кездескен қарақшы балаларға, яғни жауыздыққа жем болудан басқа амалы қалмайды.



Кадірлі оқушы, біздің елімізде оқушыларды мектептердің 1-сыныбына қабылдау нағыз мерекеге айналатының жөнінде әңгімелеп бер. Бұл жағдайда ауған қызының басынан өткен оқиғалармен салыстыр.

ӨЗБЕКСТАН МЕКТЕПТЕРИ

Біздің елімізде 9700 заманауық жалпыбілім мектебі бар. Оларда 4 миллион 521 мындан астам бала білім алғып жатыр. Тұнғыш рет мектеп табалдырығын аттайтын 1-сынып оқушылары жыл сайын мемлекет есебінен «Әліппе» кітабымен және басқа да оқулықтармен, қажетті оку құралдарымен тегін қамтамасыз етіледі. Мәселен, 2014 жылы 587 мынға жуық 1-сынып оқушысы дерлік 28 миллион ард сумның оқулықтарымен және оку құралдарымен қамтамасыз етілді. Бұдан тыс мектеп оқушылары үшін 34 миллион 500 мың нұсқадағы оқулықтар мен оку-әдістемелік қолданбалар елімізде білім алу жүргізілетін 7 тілде баспадан шығарылып, барлық жалпыбілім мектептеріне жеткізілді. Жыл сайын жаңа оқу жылы басталардан бұрын мемлекеттегі барлық мектептер жөнделіп, қыркүйек айында оқушылардың еркіне беріледі.

Елбасымыз Ислам Каримовтың бастамасымен 1997 жылы Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасы, ал 2004 жылы Мектеп білімін дамытудың мемлекеттік жалпыұлттық бағдарламасы қабылданып, өмірге дәйекті түрде енгізілді. Бұгінгі танда елімізде 12 жылдық міндетті тегін білім беру жүйесі өз жемісін көрсетіп келеді. Соңғы жылдарда жаңа мектептер, академиялық лицейлер мен кәсіптік-техникалық колледждер, жоғары оқу орындары, сонымен қатар шалғайдағы ауыл-қыстақтар мен аудандарда 315 заманалық музыка және өнер мектебі, 1500-ден астам балалар спорт нысандары салынды.

Сен елімізде жыл сайын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында өтетін Зұлфия атындағы мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде тапсыру рәсімін теледидардан көретін шы-





гарсын. Осынау жоғары сыйлыққа ие болған қыздар аталмыш рәсімде өздерінің окуда, қоғамдық жұмыстарда, көркем шығармашылықта, өнер мен спортта қол жеткізген жетістіктері жайлыштандырылғанда, сәулелетті «Түркістан» сарайы ду қол шапалақтаулардан дірілдеп кететіні ақиқат.



Сен қалай ойлайсың, жоғарыда тілге алынған ауған қызының елінде де осындағы мүмкіндіктер болғанда, ол қызы да өзінің керемет ұмтылысы, тырысқақтығы арқылы окуда, жұмыста, ғылым-білім мен мәдениетте үлкен нәтижелерге жетуі мүмкін бе еді?

Демек, біз тәуелсіз өмірдің қадірін шын жүректен сезініп, оны көзіміздің қарашығындаі қастерлеуге әрқашан дайын тұруға тиіспіз.



Тұмарис, Ширак, Нажмиддин Кубро, Жалолиддин Мангуберді, Әмір Темір рәуішті ержүрек бабаларымызға күш-қуат берген сезім, ең алдымен, туган ел алдындағы қасиетті перзенттік парыз, оған адалдық сезімі, Отан азаттығын ең ұлы құндылық деп бағалау сезімі еді.

Бүгінгі таңда халқымыздың азат та еркін өмір орнату, әлемдегі жоғары деңгейде дамыған мемлекеттер қатарынан лайықты орын алу жолындағы ұмтылыштары мен іс-әрекеттерін нығайтудың қайнар көзі де осындай ұлы сезім болып саналады.

Кадірлі оқушы, мынаны ұмытпауга тиіссін: дүниеде көптеген қателіктер мен кемшіліктер кешірілуі мүмкін, тіпті бірқатар күнәлар да кешіріледі, бірақ ата-анаға, дос-жарандарға, Отанға жасалған қиянат ешқашан кешірілмейді.



«Мен кез келген жауыздықты сатқындықтан көремін. Изгілік пен ақиқатқа адалдық танытпаган, оларға сенбеген адам аса қорқынышты»¹.

Отан сезімін шын жүректен сезіну, сол сезіммен өмір сұру адамның өміріне мән мен мағына бағыштайды, оны кемелдікке қарай жетелейді. Бұндай адам өмірдің күрделі соқпактарында адаспайды, өз халқының ержүрек те жанқияр перзенті болып кемелденеді. Ең маңыздысы, бұндай адам болудан оның өзі де, ел-жүрті да пайда табады, риза болады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тәуелсіздік күні сенің қаланда немесе ауылында қалай мере-келенеді?
2. Тәуелсіздік жөнінде өлең немесе ән білесің бе?
3. Ауған қызы неліктен өз арманына қол жеткізе алмады?
4. Еліміз жастарының, соның ішінде қыздарымыздың оқуда,

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 122-бет.

былым мен білімде, мәдениет, спорт пен өнер салаларында қол жеткізген жетістіктері жайлы не білесің?

5. Өзің қайсы салаға қызығасың?
6. Суреттерге зер салып, біздің елімізде жастар үшін қандай мүмкіндіктер тузызылғаны жөнінде әңгімелे.



«Өзбекстан – бірегей Отан» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 90-бет.
2. Ислам Каримов. O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. Ташкент, «Узбекистон» баспасы, 2011 жыл, 3 – 31-беттер.
3. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Элішер Науаи атындағы Үлттық кітапхана баспасы, 2010 жыл, 6 – 12-беттер.
4. Milliy istiqlol g'oyasi: asosiy tushuncha va tamoyillar. Ташкент, «Узбекистон» баспасы, 2000 жыл.
5. Абдулла Авлони. Turkiy Guliston yoxud axloq. Ташкент, «Уқитувчи» баспасы, 1992 жыл, 28-бет.



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!

Кадірлі оқушы, сен бұл сөздерді сан рет естігенсің. Елімізді, оның қалалары мен ауыл-қыстақтарын аралап жүргенімізде, көшелер мен аландарды безендіріп тұрған ұрандар мен плакаттардың арасынан осы сөзге де көзіміз түседі. Әсіреке Өзбекстан Республикасы Президенті Ислам Каримов Әлішер Науай атындағы ұлттық бақта Тәуелсіздік мерекесіне арнап өткізілетін салтанатты рәсімдегі құттықтау сөзін нақ осы тіркеспен қорытындылағанда, бейне бүкіл халқымыз осынау ұлы тілекке қосылып, оны тілімен де, ділімен де қайталап тұрғандай болады.



Халқымыз үшін асыл сезімдермен және ізгі ниеттермен өмір сұру сан мың жылдық құндылыққа айналып кеткен. Сондықтан да біз өмірімізді олардан бөлек елестете алмаймыз.





Ата-бабаларымыз ағаш ексе де, үй салса да: «Балаларыма, балаларымның балаларына көп жылдар бойы қызмет етсін!» – деп, жақсы ниет білдіреді. Дерлік күн сайын иғі тілектерімізге қосып айтатын «Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!», «Жаратқанның өзі қолдасын!» деген ізгі мақсаттар бізге тың құш-қуат береді, ертеңгі күнге үлкен үміт, берік сеніммен қарап өмір сүрге жігерлендіреді. Тәуелсіздік жылдарында бұндай иғі тілектердің қатарына «Бізден азат та аbat Отан қалсын!»,

«Перзенттеріміз бізден гөрі күшті, білімді, дана және бақытты болуы шарт», «Халқымызға бейбіт өмір мен амандық керек» дейтін тіркестер қосылып, кең жайылып кеткені тегін емес. Олардың арасында «Тәуелсіздігіміз мәнгілік болсын!» деген терең мазмұнды тілек ерекше орын иелейді.



Дүниеде сондай нәрселер де бар, олардың қадір-құрметі мен мән-мағынасы ғасырлармен, тіпті мәнгілікпен өлшенеді. Жылдар, қылыш замандар отсе де, олар адам үшін, мемлекет үшін, халық пен қоғам үшін ең қажетті сұраныс, жоғары құндылық болып қала береді.

Мінеки, тәуелсіздік те – осындағы ұлы құндылық. Бұл сөзді айтқанда, біз әрі тарихымызды, әрі бүгінгі күнімізді, әрі келешек өмірімізді көз алдымыздан өткіземіз. Ата-бабаларымыз осылайша тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз елі мен халқына өзі иелік еткен кезендерде әлемге данқы жайылып, тендесі жоқ жетістіктерге жеткен. Ал Отанымыз басқыншылардың аяғы астында қалған кездерде халқымыз ауыр қыншылықтар мен азаптарға душар болып, тәуелсіздікке жетуді ансан өмір сүрген. Дейтүрғанмен бұндай ұлы мақсатты иелеу үшін тек армандалап қана қою жеткіліксіз болатыны белгілі. Азаттық жолындағы машақаттар

мен күрбандықтардан тартынбай, батылдық пен жанқиярлық көрсету талап етіледі. Мәселенің ең ауыры да осы – халықты бұл жолда жеңістің сөзсіз иеленетіндігіне сендіріп, алға қарай бастау.

Бұндай ұлы міндетті орындауға мол басшылық тәжіриbesі бар, терен ойлай білетін, ерік-жігері мықты адам фана қабілетті болады. Елбасымыз Ислам Каримов тәуелсіздіктен бұрын өмір сүрген КСРО деп аталатын бұрынғы отаршылдық жүйенің қанатында қалған Отанымызды азат ету үшін 1989 жылы 23 маусымда осында тарихи міндетті өз мойнына алтып, Өзбекстан басшысы ретінде жұмысқа кірісті. Президенттің сол кезде өткізілген алғашқы жиналыста айтқан кіріспе сөзі «**Біз бұдан былай ескіше өмір сүрмейміз және бұлай өмір сұруге заманның өзі жол бермейді**»¹ деген сөздер еді. Бұл сөздердің астарында өмір сүріп болған ескі жүйеден бас тартып, міндетті түрде тәуелсіздікке қол жеткіземіз, жаңа өмір, жаңа қоғам құрамыз деген ұлы мақсат жатқан болатын. Бұның әншейін фана айтыла салған сөздер емес, қыруар практикалық жұмыстардың, айтулы ізденістердің бастамасы екендігін кейінгі оқиғалар айқын дәлелдеді. Сен Елбасымыздың «Өзбекстан тәуелсіздікке жету босағасында» кітабын оқып шықсан, жоғарыда айтылғандарға толық сенесін.

Осынау тарихи мәлімдемеден басталған өзгерістер 1991 жылы 31 тамызда тәуелсіздікке ие болғанымыздан соң одан ары қанат жайды. Ал бүгінгі таңда бұл бағыттағы іс-қимылдар мүлде жаңаша сипатпен жалғастырылып келеді. Бұндай реформалар мен жаңарулардың барлығы да тек бүгінгі және ертенгі күнімізге фана емес, бәлкім мәнгілікке қатысы бар істер екені даусыз.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ СЕНИМІ МЕН ТИРЕГІ

Мемлекетімізде 31 миллионнан астам халық жасайды. Бұның тең жартысын жастар құрайды. Елімізде алуан түрлі қазба байлықтар, өлемдік базарда күшті сұранысқа ие сапалы өнімдер өндіретін ірі өнеркәсіп орындары көп. Жеріміз

¹ **Ислам Каримов.** O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida. –Т.: «Узбекистон», 2011 жыл, 32-бет.

құнарлы, табиғатымыз қолайлы. Топыраққа қу бұтақты қадасың болғаны, дүркіреп өсіп-өне бастайды. Осы байлықтардың баршасын еліміздің гүлденеуі жолында пайдаланатын күш — еңбеккор, жомарт та кеңпейіл халқымыз, сол халықтың сенімі мен тірегі болып өсіп келе жаткан жас үрпак. Сондықтан да елімізде әрбір баланың денсаулығы, оның ешкімнен кем болмай өсіп-кемелденуі, заманға сай білім мен кәсіп-өнерді, шет тілдерді тиянақты игеруі, қысқасы, өмірден өзінің лайықты орнын табуы үшін қандай жағдай керек болса, соның бәрі жасалып отыр.

Бір кездерде Әмір Темір бабамыз: «Кімде-кім біздің құдіреттімізге шұбә келтірсе, салдырган ғимараттарымызды көрсін», — деп, өз ісінің мәнгі қалатының үлкен сеніммен, кеудесін кернеген мақтанышпен атап көрсеткен екен. Ал сайыпқыран бабамыздың немересі, ұлы ғұлама және мемлекет қайраткері Мырза Ұлықбек ғылым мен білім саласындағы жаңалықтары ешқашан жойылып кетпейтінін ескеріп: «Өз ісімді лайықты үрпактарыма



Самарқант. Шохизинда кешені.

қалдырдым», – деген. Ұлы классик ақынымыз Әлішер Науай бейне сол шындықты айтқандай: «Әлем фалымдары Жер бетінде өмір бар шақта Ұлықбек ашқан жаңалықтар негізінде тың тұжырымдар шығарып, бұл жаңалықтарды дамыта береді», – деп пікір білдіргені де тегін емес, әрине.

Мынаны қараңыз, нақ осы сөздер 2014 жылы 14-15 мамыр күндері Самарқант қаласында тағы бір рет дәлелденді. Дүниенің 40-тан астам елдерінен келген ең әйгілі фалымдар бұл қалада «Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманалық өркениеттегі рөлі мен манызы» тақырыбындағы халықаралық конференцияға жиналды. Олар өзге де ұлы ғұламалар қатарында Мырза Ұлықбектің мұрасы жөнінде де жақсы пікірлер білдіріп, ұлы ойшылдың жоқтан бар жасағанын айтты.

Елбасымыз мемлекет жастарының түрлі салаларда иелеген табыстарын бүкіл халқымыздың, сүйікті Өзбекстанымыздың табыстары деп санайды. Демек, Отан тәуелсіздігін сақтау мен нығайту, Өзбекстанның атақ-данқын бүкіл әлемге тарату міндепті келешекте сен сияқты жастарға тікелей байланысты болмак.

Тоқ етерін айтқанда, «Тәуелсіздігіміз мәнгілік болсын!» деген сөздердің негізінде терең мән мен мағына жатыр.

Расында да біз мәнгілікке қатысты істерімен бүкіл дүниеге танылған халықпаз. Көне қалаларымыздың тарихи жәдігерліктер, ұлы ата-бабаларымыздың баға жетпес мұрасы, егемендік жылдарында салынған көптеген нысандар, бүгінгі таңда халқымыз, соның ішінде жастарымыз да қол жеткізіп жатқан қомақты жетістіктер осыны дәлелдейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты рәсімді теледидар арқылы тамашаладың ба?
2. Бұл рәсім сенің көкейінде қандай әсер қалдырды?
3. Сен бірер істі қолға алудан бұрын қандай ниет жасайсын?
4. Ұлы ғұламалардың есімдері неліктен мындаған жылдар бойы ұмытылмай келеді?

5. Суреттерге қарай отырып, халқымыздың мәнгілікке қатысты істері жөнінде әңгімелे.



1

2

3

4

«Отанның баға жетпес байлықтары» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 7–8-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Әлішер Науай атындағы Үлттық кітапхана баспасы, 2010 жыл, 6–12-беттер.
3. Milliy istiqlol g‘oyasi: asosiy tushuncha va tamoyillar. Ташкент, «Узбекистон» баспасы, 2000 жыл, 51–52-беттер.
4. Абдулла Авлони. Turkiy Guliston yoxud axloq. Ташкент, «Уқитувчи» баспасы, 1992 жыл, 28-бет.
5. Vatan va millat muqaddasdir. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2000 жыл, 8–18-беттер.



ОТАНЫМЫЗДЫҢ АСТАНАСЫ

Қадірлі окушы, Отан, оның әсем де аbat бейнесі, үлкен әлеуеті жөнінде сөз қозғалғанда, ең алдымен әзім қала Ташкент көз алдымыздың келеді. Өйткені Елбасымыз Ислам Каримов айтқандай, біз Ташкент бейнесінен Өзбекстанды, ал Өзбекстан бейнесінен Ташкентті көріп, қадірлейміз, сүйеміз.



Ташкент – тек мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл Орта Азия аймағының ең ірі әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы. Ол Отанымыздың солтүстік-шығыс бөлігіне, Тянь-Шань тау тізбектерінің батыс етегіндегі Шыршық аңғарына орналасқан. Қала аумағы 335 шаршы километр аланды иелейді. Бұл жерде екі жарым миллионнан астам халық жасайды.

Қала 11 ауданға – Бектемір, Мырза Ұлықбек, Мирабад, Алмазар, Сіргелі, Үштөбе, Шыланзар, Шайхантахур, Юнусабад, Яkkасарай және Яшнабад аудандарына бөлінеді.



Ерте замандарда қала Хаш, Шаш, Бинкат дейтін аттармен де аталған. Қала аумағында Шаштөбе, Мыңғарық, Шыланзар Ақтөбесі, Юнусабад Ақтөбесі секілді көне қалалардың қирандылары сақталып қалған.

Ташкент 1930 жылдан бері Өзбекстанның астанасы болып саналады.

Ежелгі замандарда Ташкент қаласының 12 қақпасы болған. Олар – Лабзак, Тақтапұл, Қарасарай, Сағбан, Шығатай, Көкше, Самарқант, Камалон, Бесағаш, Қоймас, Қоқан, Қашқар қақпалары.



ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ

Бұғынгі таңда Ташкенттің өзі алып қақпа болып саналады. Себебі өлемнің Батыс өлкелерінен Шығыс мемлекеттеріне, ал Шығыстан Батысқа баратын ұшақтар, автомобиль керуендері Ташкент қаласы арқылы өтеді. Сондықтан да ол шын мәніндегі Шығыс қақпасына айналып барады.

Ташкенттің тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл жерде ирригация тармақтарының, яғни арықтар мен каналдардың қөптігі болып табылады. Шыршық өзенінің оң жағалауындағы магистральдық канал – Бозсу Ташкент қаласы аумағында Анхор, Бөріжар, Салар, Қарасу және Кейқауыс дейтін тармақтарға бөлініп, махаллалар мен айналмаларды бойлап шағын арықтар түрінде таралып кетеді. Оның суы ағып өтпейтін бірде-бір көше жоқ.



«Ташкенттің кәусар ауасы, көрікті табиғаты, құт-береке дарыған жасыл бақтары, дөртке шипа болатын зәмзәм сулары жөнінде қандай тамаша теңеулер айтылмаған

десенізші. Атап өтетін болсақ, XVI ғасырда өмір сүрген тарихшы ғұлама Зайниддин Восифи Ташкентті ұлықтап, бұл өлкені бір рет көрген адам бейне пейіш бақтарын ара-лағандай болады деп, шынайы ақиқатты сипаттаған еді»¹.

Көне Ташкенттің көшелері мен махаллалары, гузарлары Темірші, Мыскерлік, Дегрездік (қазан жасауышылар), Оқшы, Егерші, Тағашы, Мәсішілік, Көншілік, Паршабап деген атаулармен әйгілі болған. Әсіреке садақшылар жасаған оқтар мен жебелер «садақшы Шаши» дейтін атпен жеті ықылымға танылған.

Ташкент ежелден-ақ ғылым мен білімнің қаласы, ұлы ғұламалардың, әулие-әнбиелердің отаны болған. Бұл топырактан Faффол Шаши, Шейх Хованди Taxур, Хожа Ахрор Вали, Хафиз Койки, Шейх Зайниддин баба, Ыбырахым ата және Қойлық ата сынды faziz әулие-лер, «Шаши», «Тошканди» деген бүркеншік аттармен танылған ғалымдар, ақындар мен ағартушылар жетіліп шыққан.

XX ғасырдың бас кезінде жәдит ағартушылары ретінде аренаға шыққан тарихи қозғалыс та алдымен Ташкенттен басталып, бүкіл елге кең тараған болатын. Аталмыш қозғалыстың Мұнаввар қары, Абдулла Авлони, Абдулла Қадыры рә尤іштес атақты өкілдері ежелгі Шаши перзенттері болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында Ташкент шын мәніндегі астаналық қалаға, әлемдік қауымдастықта танылған мегаполиске, яғни ірі



Көгалдаш медресесі.

¹ **Ислам Каримов.** Tarixi boy, buguni go'zal, kelajagi buyuk shahar. –Т.: «Узбекистон», 2009 жыл, 5–6-беттер.

қалаға айналды. Елімізде жүзеге асырылып жатқан барлық ауқымды тарихи өзгерістер Ташкенттен бастау алып жатыр.

Отанымыз тәуелсіздігінің жариялануы, Өзбекстан Конституциясы және еліміздің дамуына қатысты көптеген зандар мен қаулылардың нақ осы жерде қабылданғаны Ташкентті жана тарихымыздың мызғымас бөлігі болып табылатын, барлығымыз мақтан тұтып, абыройға бөлөнетін қалаға айналдырыды.

Астанамызда Өзбекстан Республикасы Президенті аппараты, Олий Мажлистің Зан шығару палатасы, Сенат, Министрлер Кабинеті сияқты мемлекеттің ең жоғары билік органдары, орталық министрліктер мен кенселер, саяси партиялар, азаматтық үйімдар, шетел елшіліктері, құзырлы халықаралық құрылымдардың өкілдіктері жұмыс істеуде.

Ташкент – жастар қаласы. Бұл жерде сен сияқты ұлдар мен қыздардың білім алуына, заманалық көсіп пен өнерді үйренуіне, спортпен, көркем шығармашылықпен шұғылдануына және мәдени демалуына қажетті барлық қолайлылықтар бар. Көптеген



Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы.

мектептер, лицейлер мен колледждер, жоғары оқу орындары, стадиондар, театрлар мен мұражайлар, демалыс бақтары, ғылым мен білім, мәдениет мекемелері, жастар орталықтары нақ осы мақсатқа қызмет етеді.

Тәуелсіздік жылдарында Ташкенттің түр-сипаты адам танымастай дәрежеде өзгерді. Қаланың Тәуелсіздік аланы мен орталық бөлігінде, сондай-ақ Ескі қала аумағында кең ауқымды құрылыс және көріктендіру жұмыстары жүзеге асырылды.

Ташкенттің заманалық бейнесінде кез келген адамды таңдай қақтыратын тамаша бақтар мен демалыс орындары, көрікті саяжолдар, жасыл аумақтар айрықша орын иелейді. Тек соңғы 10 жылдың өзінде астанамызда бұрынғы темір-бетон және асфальт төсөлген аландар орнында 3 мың 30 гектардан тастам көгалдан-дырылған аумақтар құрылды.

 **2009 жылы Ташкент қаласының 2200 жылдығы тойланды және ол «Тәуелсіздік» орденімен марапатталды.**

Қазіргі күндерде Ташкент қаласының Өзбекстан астанасы деген жоғары мәртебелі статусқа шын мәнінде лайықты, әлемдік қауымдастырылған назары мен құрметіне іліккен, дүниедегі ең ірі қалалармен бәсекеге түсіп, барған сайын гүлденіп келе жатқан ұлы қалаға айналғанын біз заңды түрде мақтан етеміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сенің қаланда немесе ауданында соңғы кездерде қандай өзгерістер болып жатыр?
2. Ата-анаңың яки туған-тысқандарының Ташкент қаласы жөніндегі пікірлерін естігендін ба?
3. Өзің Ташкент қаласында болғансың ба?
4. Ташкент қаласы ерте замандарда қалай аталған?

5. Суреттерге қарай отырып, Ташкент жастар қаласы екені тұра-
лы әңгімелеп бер.



«Ташкентке саяхат» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Tarixi boy, buguni go'zal, kelajagi buyuk shahar. Ташкент, «Узбекистон», 2009 жыл, 34-бет.
2. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият», 2013 жыл, 155-бет.
3. O'zbekiston milliy ensiklopediyasi, 6-том. Ташкент, «O'zbekiston milliy ensiklopediyasi» мемлекеттік ғылыми баспасы, 2003 жыл, 159–160-беттер.
4. Toshkent ensiklopediyasi. Ташкент, «O'zbekiston milliy ensiklopediyasi» мемлекеттік ғылыми баспасы, 2009 жыл, 373–377-беттер.
5. Сирожиддин Сайд. Yashasin yomg'irlar. Ташкент, Faafur Fұлам атындағы Әдебиет жөнне өнер баспасы, 2007 жыл, 10–15-беттер.



ӨЗБЕКСТАН ҰЛТТЫҚ БАҒЫ

Қадірлі оқушы, астанамыз Ташкент қаласының орталығында халқымыздың мақтанышына айналған, әрбір адам барып көруді, бірер рет болса да серуендеуді арман ететін құтты мекен бар. Ол – Әлішер Науай атындағы Өзбекстан ұлттық бағы. Бұл жер еліміздегі ең ірі мәдениет және демалыс паркі болып саналады. Оны қысқаша фана Ұлттық бақ деп те атайды.

! **Ұлттық бақ Ташкент қаласының орталық бөлігіне орналасқан, жер көлемі 69 гектарды алып жатыр.**

Бақ 1991 жылы Президент Ислам Каримовтың бастамасымен құрылған. Нақ сол жылы бұл жердегі биік төбеле Әлішер Науайдың 550 жылдығы құрметіне ақынның зәулім ескерткіші орнатылған болатын.

Бақтың орта шеніндегі аумақта өзіне тән сәулет кешені бой көтерген. Кешеннің ортасында субүрқағы атқылап тұратын дәңгелек әуіз бен амфитеатр пішініндегі салтанатты рәсімдер өткізілетін алаң бар.

Амфитеатрдың батыс жағында Олий Мажлис ғимараты мен Абулқасым медресесі, ал шығыс жағында «Наурыз» мейрамханасы орын тепкен.

Әлішер Науай ескерткішінің алдыңғы жағындағы саябақ бойымен канал ағып өтеді. Оған шығыр құрылған. Бұл саябақта 2007 жылы атақты жазушы Абдулла Қаһардың, 2010 жылы Мұса Ташмұхаммедұлы Айбектің, ал 2013 жылы Өзбекстан Қаһарманы Саид Ахмад пен көрнекті ақын Саида Зунунованаң ескерткіштері орнатылған болатын.



Бақтағы амфитеатрда жыл сайын Наурыз және Тәуелсіздік мейрамдары құрметіне өткізілетін салтанатты рәсімдерді елжүрткымыз, шетелдік қонақтар үлкен қызығумен тамашалайды. Бұл салтанатқа Президент Ислам Каримов қатысып, халқымызды осынау ұлы мерекелермен құттықтайды.

Ташкент қаласындағы Әмір Темір саябағы да аса көрікті орындардың бірі болып табылады. Өзбекстан Ұлттық бағы қаланың онтүстік-батыс жағында орналасқан болса, Әмір Темір саябағы шығыс жағында орналасқан.

Тәуелсіздік иеленген соң Президенттің бастамасымен бұл орынға Әмір Темір саябағы деген ат берілді. Ал 1993 жылы саябақтың қақ ортасына Сайыпқыран Әмір Темір бабамыздың сөүлетті ескерткіші орнатылды. Бұл ескерткіштің авторы да – Елбасымыздың өзі. Бұл туралы оның «Жоғары руханият – женілмес күш» кітабында сені мен біз үшін мынадай өнегелі сөздер жазылған:



«Мұсіншілер ұсынған вариантта Сайыпқыран қолына найза ұстаган күйінде бейнеленген еді. Мен бұған қарсылық білдіріп, «Сайыпқыран бабамыз қолына найза емес, аттың тізгінің ұстап тұрганы жөн, — деген шікір айттым. — Бұның рәміздік мағынасы бар. Өйткені мемлекетте найза көтерген адамдар көп болған, десек те тізгін Әмір Темірдің қолында болған. Бұл берік мемлекеттік жүйені берік ұстап тұру дегенді аңғартады»¹.

Бүгінгі таңда бізге жақсы таңыс болған Әмір Темір ескерткіші нақ осындай көріністе орнатылған.

Саябактың солтүстік жағында 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдық мерейтойына байланысты Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы бой көтерді. Бұл мұражайға кірсөніз, Әмір Темірдің білікті қолбасшы, құдіретті мемлекет басшысы болғандығын дәлелдейтін көптеген экспонаттарды көресіз.

2009 жылы Әмір Темір саябағы толығымен қайта құрылды. Бұл жерге көздің жауын алатын мәнгі жас аршалар, қарағай және үйеңкі ағаштары егілді. Саябактың шығыс жағында ақ шаңқан түсті сөүлетті «Өзбекстан» форумдар сарайы, сондай-ақ Ташкенттің ежелгі курантына үйлестірілген жана курант салынды. Аталмыш көрікті ескерткіштер Ташкент қаласының 2200 жыл-



¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 152-бет.



«Өзбекстан» халықаралық форумдар сарайы.

дық мерейтойына лайықты тарту болды. Астанамыздың осынау тарихи датасына арналған салтанатты рәсім де сол «Өзбекстан» форумдар сарайында өтті.

Елбасының жобасы және басшылығы негізінде құрылған бұл жәдігерлік тек Әмір Темір саябағын ғана емес, сонымен қатар бүкіл астанамыздың ажарын өзгертіп, көркіне-көрік қосты.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен жасайтын қалада немесе ауданда да демалыс бағы бар ма?
2. Ол жерде қандай шаралар өткізіледі?
3. Сен Ұлттық баққа барғансың ба?
4. Әмір Темір саябағына ше?
5. Мына суреттер арасынан «Өзбекстан» халықаралық форумдар сарайын тап.



1



2



3



4

«Отан мен халық мәңгі қалады» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 7–11-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Элшер Науан атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 6–24-беттер.
3. Milliy istiqlol g‘oyasi: asosiy tushuncha va tamoyillar. Ташкент, «Узбекистон» баспасы, 2000 жыл, 55–56-беттер.
4. Vatan va millat muqaddasdir. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2000 жыл, 8–18-беттер.




ҰЛЫ ДА КИЕЛІ ОРЫНДАР

Қадірлі оқушы, білім мен адамгершілік тұрғысынан тенденсі жоқ тұлғалардың қадамы жеткен немесе олар мәнгі тұрақтаған, өзгелер қастерлі де газиз деп санайтын жерлерді біз киелі орындар деп атайдыз. Әрбір сүйем жері тәбәрік болып саналатын біздің елімізде бұндай орындар көп. Астанамыз Ташкент қаласының Алмазар ауданында орналасқан Хазіреті Имам кешені де солардың қатарынан.



Хазіреті Имам кешені Президент Ислам Каримовтың бастамасы және басшылығы арқасында 2007 жылы жаңадан құрылды.

Егер сен Ташкенттің Ескі қала бөлігіне қарай жүрсөн, сонау көз ұшынан ұшар биікке бой созған қос мұнараны көресін. Олар –



Хазіреті Имам кешені.

осы кешенниң құрамындағы Хазіреті Имам жоме мешітінің мұнаралары.

Құрылышшылардың айтуларына қарағанда, мешіт мұнараларының биіктігі 52 метр екен. Назар аудараптық жері сол, мешіттің он жағындағы мұнара хорезмдік Ибрахим және Еркін ұсталардың басшылығымен 26 күнде, ал оның сол жағындағы мұнара самарқанттық Шариф ұстаның басшылығымен 28 күнде тұрғызылыпты.

Аталмыш мешіттің солтүстік-батыс жағында Мойы мұбарак медресесі орналасқан. Тарихи жазбаларда айтылғанындей, бұл медресе алғаш рет XV ғасырда салынған, бірақ кейінірек бұзылып кеткен. 1856–1857 жылдарда қайта тіктелген медресенің түр-сипаты сиықсыздау болғандықтан, 2007 жылды мәдресе толық жөнделіп, жаңаша көрініске ие болды. Бұғаңға таңда бұл жерде касиетті Құран кітабының ең ежелгі түпнұсқасы сақталуда.

Хазіреті Имам кешеніне кіретін Тіллә Шейх жоме мешіті, Баракхан медресесі, Faffol Shaши медресесі, Намазгох мешіті секілді тарихи жәдігерліктер де түбегейлі жөндеуден шыққан.

Ташкент қаласындағы ұлы зиярат орындары жөнінде сөз қозғалғанда, 1999 жылды салынған Еске алу алаңын да тілге алған орынды. Еске алу алаңындағы бір-біріне қаратып құрылған оймалы ұстындар үстіне орнатылған бастырмалар астындағы тақтайша беттерінде Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан 450 мың жерлесіміздің аты-жөндері алтындалған әріптермен жазылған. Бұл жерге келіп жатқандардың легі күні-түні толастамайды. Зияратқа



Азалы ана ескерткіші.



келген әрбір адам алдымен Азалы ана ескерткіші алдына барып, бас иіп, тағзым етеді. Сосын бастырмалар астын арапап, өз облысына арналған беттер алдына тоқтайды. Лагнет атқыр сол соғыста каза тапқандардың аты-жөндерін тауып, оларды еске алады. Әлемде бейбітшіліктен артық ештеңе жоқ екендігіне тағы бір рет көз жеткізеді.

Еске алу аланында өткізілетін шаралар туралы 5-сыныптағы практикалық жаттығулардан жақсы білесін.

Жыл сайын 9 мамыр – Еске алу және қастерлеу күнінде Елбасымыз Ислам Каримов бұл жерге арнайы келіп, Азалы ана ескерткішіне گүл қояды, фашизмге карсы соғыста қаза тапқан жерлестерімізді еске алу құрметін орындайды. Сонымен қатар бұл жерге зияратқа келген соғыс және еңбек ардагерлерімен, жастар өкілдерімен кездесіп, шын жүректен сұхбат құрады.

САМАРҚАНТАҒЫ ЕҢ КӨНЕ МЕШІТ

Тарихи қайнар көздерге қарағанда, Хазіреті Қызыр мешіті Самарқант топырағында салынған ең алғашқы мешіт екен. Көптеген жылдар бойы қараусыз, күтімсіз қалғандықтан, мешіт

әжептөүір бүлініп, кирай бастаған. Осынау көне де құнды жәдігерлік Елбасымыздың тапсырмасымен түбірінен қайта жөнделіп, абаттандырылды.

Жұмыс барысында мамандар мешіттің кейбір ескі ұстындарын ауыстыруды ұсынды. Елбасымыз бұл мәселеге үлкен қызыгумен қарап, бұл ұстындарды арнайы зерттеп шығады. Содан соң ұстындардың оюлары мен өрнектері ұлттық қолөнершілігіміз дәстүрлеріне сәйкес келмейтіндігіне, көбірек Тунис немесе Марокко мемлекеттерінде қалыптасқан әдістерді еске түсіретініне назар аударып, оларды жаңадан жасауға тапсырма береді. Осылайша қоқандық ұсталар мешіттің ұстындарын ұлттық сәулеткерлік дәстүрлері бойынша жаңадан жасап, орнattы. Ал бұл өз кезегінде ежелгі кешенге айрықша көрік пен келбет берді.

Елімізде Терміз қаласындағы Хакім Термізи, Бұхара топырағындағы Абдулхалық Фиждуани және Бахауддин Нақшбанд, Самарқантаты Имам Бұхари, Имам Мотуриди, Марғыландағы Бұрханиддин Марғинони ескерткіш кешендері тақылеттес көптеген ұлы зиярат орындары бар. Олар Отанымыздың түрлі қалалары мен ауыл-қыстақтарынан, шетелдерден келетін адамдар үшін құтты да киелі орындар болып саналады. Елбасымыз Ислам Каримов «Yuksak tanniyat – yengilmas kuch» кітабында



Хазіреті Қызыр мешіті.



Бұрханиддин Марғинони ескерткіші.

осынау тәбәрік орындар жөнінде ерекше тоқталып, төмендегі пікірлерді білдіреді:



«Халқымыздың өмірінде терең із қалдырган, бүгінгі таңда шын мәніндегі қасиетті зиярат орындарына айналған бұндай кешендер рухани дүниемізді байытып, кемелдендіруге елеулі үлес болып қосылады десек, жан-жақты орынды болады»¹.

Шынтуайтында да бұл зиярат орындары туған топырағымыздың, ата-бабаларымыз естеліктерінің қаншалықты қастерлі екенін дәлелдей, бізді бұл елді жан-тәнімізben сүйіп, ардақтауға, ұлы ба-баларымыздың дәстүрлеріне адал болуға шақырады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қандай жерлерді құтты зиярат орындары дейміз?
2. Сенің қалаңда немесе облысында да осындағы орындар бар ма?
3. Мына суреттердің қайсысында Еске алу аланы бейнеленген?



1



2



3



4

4. Мына суреттердің қайсысында Хазіреті Қызыр мешіті бейнеленген?



1



2



3



4

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 156-бет.

«Біз – ұлы тарих иесіміз» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 97–101-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Элішер Науан атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 84–90-беттер.
3. Ислам Каримов. Bizning ezgu maqsadimiz – taraqqiy topgan davlatlar qatoriga kirishdan iborat. Ташкент, «Узбекистон», 2010 жыл, 3–12-беттер.
4. Vatan va millat muqaddasdir. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2000 жыл, 4–10-беттер.



ТАРИХИ ЖАД

Қадірлі оқушы, тарих – келешектің айнасы дейтін сөзді естіген болсан қерек. Бұның мағынасы сол, тарих адамның көзін ашады, өткеннен сабак алып өмір сүрге шақырады.



Тарихи жад – әр адамның өзінің кім екенін, тек-тұқымын, алыс және жақын тарихын әрқашан есінде сақтап өмір сүру сезімі, қабілеті.

Тарихи жады бар адам – күшті адам.

Тарихи жадын жоғалтқан адам өздігінен де, халқы мен Отанынан да, тіпті бостандығынан да айырылып, мәнгүртке айналады.



Мәңгүрт – ежелден келе жатқан сөз, ол тарихи жадын жоғалтқан, ата-бабасын, өзінің кім екенін ұмытқан жарымес адам дегенді аңғартады.

Бұрынғы отаршылдық жүйе кезінде халқымыздың тарихы жасандылыққа негізделіп, бізді жалған және қара күйе жағылған сөздерге сендерге әрекет жасалды. Ержүрек ағартушы бабала-рымыз кез келген кудалау мен жазалауларға қарамастан, халқы-мыздың шынайы тарихын үйренуге үмтүлді. Нақ осында үмты-лыстардың нәтижесінде ата-бабаларымыздың жүрегінде тәуел-сіздікке қол жеткізу ең басты арман болып келді.

Президент Ислам Каримов тарихтың осындағы аңы тәжіри-бесін ескере отырып, бізді, яғни бүгінгі ұрпақты сол трагедиялардан сақтандырып, абай болуға шақырады.



«Әлемдегі зорлықшыл, қиянатшыл күштер кез келген халықты немесе мемлекетті тізе бұктіріп, өзіне мойын-сұндырмақ, оның байлықтарын иелеп алмақ болса, ең алдымен, оны қарусыздандыруға, яғни ең ұлы байлығы болып табылатын ұлттық құндылықтарынан, тарихы мен руханиятынан айыруға үмтүлады»¹.

Расында да бүгінгі танда айнала-төнірегімізде, әлемде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға назар аударатын болсак, бұндай ескертулердің текке айтылмағанын байқаймыз. Бір кездерде отаршылардың халқымызды тарихи жадынан айыруға үмтүлғанындей, қазіргі уақытта лаңкестік, содырлық, діни фанатизм, ақылақсыздық, нашақорлық, «бұқаралық мәдениет» деген бетперде астында кіріп келе жатқан дерпттер де осындей жауыз ниетті көздел отыр.


Тарихи жадын жоғалтқан халық бейне тамыры кесілген ағаштай тез курап қалады. Ол мына жарық дүниедегі күрестер мен бәсекелерге төзе алмайды.



Тарихи жад әрбір минут сайын адамның кімдігін, қандай ұлы халыққа тәндігін, кімдердің үрпағы екенін ескертіп тұрады. Адамды, халықты өз қадірі мен құрметін, ары мен намысын сақтап өмір сүрге жігерлендіреді.

Тарихи жад сезімі әлемдегі барлық халықтарға тән. Олар нак осы сезімнің арқасында ата-бабаларының рухын, олардың салт-дәстүрлері мен құндылықтарын сезініп жасайды. Сонау шалғайдағы Жапониядан келіп, Сұрхандариядағы көне Дағварзинтебе мен Қаратөбеде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан Киудзо Като мысалынан бұл пікірдің ақықаттығына көз жеткізуге болады. Жасы 80-нен асқан бұл қарт ғалымды өз үйін, жақын туыстарын тастап, біздің елімізге келуге, ұзак жылдар бойынша мен топырақты кешіп, жаздың аптабы мен қыстың қырау-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 11-бет.



**Афрасиаб төбелігінен табылған
көне қабыргалық сурет.**

Лаған. Міне, бұл – шын мәніндегі жанқиярлық. Осынау ғылым жанкүйері біздің халқымыздың бай тарихын, ежелгі жәдігерліктері мен мәдени мұрасын терең зерттеу және оны шетелдерге насихаттау жолындағы ұлан-файыр қызметі, Өзбекстан мен Жапония ортасындағы ғылыми байланыстарды дамытуға қосқан еселі үлесі үшін мемлекетіміз Президентінің жарлығына орай «Достық» орденімен мараپатталды.

Тағы бір мысал. Біздің елімізден түрлі себептермен шетке әкетілген қайталаңбас ұлттық мәдениетіміз ұлгілері бірталай. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарынан-ак Елбасымыз оларды мемлекетке қайтарып әкелу мәселеін қатаң міндет етіп алға қойды. Осы мақсатқа орай Олий Мажлис құзырында арнаулы комиссия құрылды. Бұл комиссияның мүшелері әлемнің ең ірі мәдени орталықтары – Лондон, Париж, Берлин, Мәскеу, Санкт-Петербург, Нью-Йорқ, Дели, Тегеран, Каир және басқа да қалаларда біздің ұлттық мұрамыздың мындаған құнды ұлгілері сақталып жатқанын анықтады. Сейтіп, олардың үлкен бөлігі елімізге қайтарып әкелінді. Бүгінде олар халқымыздың тарихи жадын нығайту, өздігімізді терең тану істеріне қызмет етуде.

Тәуелсіздікке қол жеткізген соң біз тарихымызды шынайы және бейтарап зерттеу мүмкіндігіне ие болдық. Енді біз ата-ба-

лы күндерінде көне төбелерді қарыстап, қадамдап қазып, ғылыми іздептер жүргізуге мәжбүр еткен не? Ол – тарихи жад сезімі.

Ертедегі Кушандар мемлекеті заманында Сұрхан топырағында будда діні қанат жайып, гүлденген. Ал буддизм Жапонияда арғы атабабалардың көне білімі ретінде қадірленеді. Като фалым да сол білімге қатысты материалдық жәдігерліктерді тауып, өз ата-бабаларының тарихи жадында үзіліп қалған арқауды тіктеуге бел байлаған.

Осынау ғылым жанқиярлық. Осынау ғылым

жанкүйері біздің халқымыздың бай тарихын, ежелгі жәдігерліктері мен мәдени мұрасын терең зерттеу және оны шетелдерге

насихаттау жолындағы ұлан-файыр қызметі, Өзбекстан мен

Жапония ортасындағы ғылыми байланыстарды дамытуға қосқан еселі үлесі үшін мемлекетіміз Президентінің жарлығына орай

«Достық» орденімен мараپатталды.

Тағы бір мысал. Біздің елімізден түрлі себептермен шетке

әкетілген қайталаңбас ұлттық мәдениетіміз ұлгілері бірталай.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарынан-ак Елбасымыз оларды

мемлекетке қайтарып әкелу мәселеін қатаң міндет етіп алға

қойды. Осы мақсатқа орай Олий Мажлис құзырында арнаулы

комиссия құрылды. Бұл комиссияның мүшелері әлемнің ең ірі

мәдени орталықтары – Лондон, Париж, Берлин, Мәскеу, Санкт-

Петербург, Нью-Йорқ, Дели, Тегеран, Каир және басқа да қалаларда

біздің ұлттық мұрамыздың мындаған құнды ұлгілері сақта-

талып жатқанын анықтады. Сейтіп, олардың үлкен бөлігі елімізге

қайтарып әкелінді. Бүгінде олар халқымыздың тарихи жадын

нығайту, өздігімізді тану істеріне қызмет етуде.

Тәуелсіздікке қол жеткізген соң біз тарихымызды шынайы

және бейтарап зерттеу мүмкіндігіне ие болдық. Енді біз ата-ба-



Бұхара. Минорай Калон.

баларымыздың кім болғандығын, олардың әлемдік өркениетке қандай үлес қосқанын анық біле аламыз. Бұл – біздің тарихи жады сақталған, азат та аbat елде өмір сүріп жатқанымыздың жарқын дәлелі болып табылады.

Ұлы тарихты білу – теңіз тұңғысынан маржан тергенмен пара-пар, оның қойнауынан бұлтартпас шындықты ізден табу да үлкен күш-қайрат пен ерік-жігерді талап етеді.

Каншалықты қын да күрделі болғанымен, бұл іске берік бел бууға, тарихи жадымызды байытып, нығайтып отыруға тиіспіз. Өйткені тарихи жады мықты халық келешек жолында адаспайды, ешкімге тәуелді де болмайды.

«Өз тарихын білмейтін, кешегі күнін ұмытқан ұлттың келешегі жоқ»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 4-бет.

Тарихи жадтың көмегімен ата-бабаларымызбен қауышып, әнгіме-дүкен құрып, дүниенің қаншама тылсымдарынан хабардар боламыз. Осының арқасында ұлы халық пен қасиетті Отаның перзенттері екендігімізді мақтан тұтып, еңсемізді тіктеп, қеудемізді керіп өмір сүргенге не жетсін!



Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. «Тарих – келешектің айнасы» деген тіркестің мағынасын түсіндір.
2. Неліктен тарихы ұлы халықтың келешегі де ұлы болады дейміз?
3. Халқымыз тарихының ұлы да көне екені нелерден айқын көрінеді?
4. Тарихи жад дегенде нені түсінесін?
5. Тәуелсіздік тарихты зерттеу саласында қандай мүмкіндіктер берді?
6. Тарихи жады күшті халықты женуге бола ма?
7. Мына суреттердің арасында тарихи жадымызды оятуға қызмет ететіндері бар ма?



1



2



3



4

«Ата-бабалар жадына құрмет» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маянасият» баспасы, 2013 жыл, 41–48-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Әлішер Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 84–86-беттер.
3. Muqaddas dinimizga yuksak e'tibor va ehtirom. Ташкент, Ташкент ислам университеті баспасы, 2010 жыл, 10–15-беттер.
4. Усманхан Алимов. Hazrati Imom (Hastimom). Ташкент, «Mayarоуннахр» баспасы, 2008 жыл, 28–32-беттер.
5. Иқбол Мырза. Agar jannat ko'kda bo'lsa... Ташкент, «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы бас редакциясы, 2010 жыл, 12–18-беттер.

ЕЖЕЛГІ РЕГИСТАН

Қадірлі оқушы, елімізде әрқайсысы үлкен бір тарих пен мәдениеттің рәмізі болып табылатын ежелгі қалалар бар. Бұл қалалардағы қайталанбас тарихи жәдігерліктер – біздің баға жетпес байлығымыз. Олардың арасында Регистан аланы айрықша орын алады.



«Регистан» сөзі парсы тілінде ұсақ тас төсөлген орын деген мағынаны білдіреді.



Регистан ерте замандарда адамдар жиналатын, би-леушілер сарайына таяу орналасқан орталық алаң болып саналған.

Регистан аланы Бұхара қаласында да бар. Ертеде Шахрисабз, Насаф, Ташкент қалаларында да осындағы аландар болған. Олардың ішіндегі ең әйгілісі әрі толық сақталып қалғаны Самарқант қаласындағы Регистан кешені болып табылады.



Регистан қаланың қақ ортасына орын тепкені және көптеген тарихи оқиғалар нақ осы алаңмен байланысты болғандығы себепті ол Самарқанттың жүргі деп те аталағы.

Регистан аланында үш ұлы жәдігерлік қатар бой көтерген. Олардың ең көнесі – Мырза Ұлықбек медресесі. Ол аланың батыс жағына орын теуіп, биік мандашасы шығысқа қаратылған.



Самарқант. Регистан алаңы.



Ұлықбек медресесі 1417–1420 жылдарда Мырза Ұлықбектің басшылығымен салдырылғандықтан, сол ұлы бабамыздың атымен аталады.

Мырза Ұлықбек Мауароуннахдың билеушісі болған замандарда бұл медрессе өзіне тән академия ретінде абырайға бөлениген.



«Maуароуннах» – араб тілінен енген сөз, ол дарияның арғы бетіндегі өлке деген мағынаны, яғни Сырдария мен Әмудария аралығындағы аумақты білдіреді.

Мұсылман әлеміндегі ұлы ғұламалар, ақындар, дінбасылар бұл медреседе сабак берген, ғылыми, шығармашылық істермен шүғылданған. Мырза Ұлықбекпен бірге Қазызада Руми, Жәмшиит Коши, Әли Қосшы секілді фалымдар бұл жерде шәкірттерге дәріс оқып, тәлім-тәрбие нәрінен сузыннатқан. Бертін келе ұлы ойшыл әрі ақын Әлішер Науай да Самарқантқа келіп, осы медресседе білім алған.

Мырза Ұлықбек медресесі салынғаннан екі ғасырдан астам уақыт өткен соң, 1619–1636 жылдарда Самарқандтың әкімі Жалаңтөс Баһадүрхан алдымен Шердар медресесін салдырады. Бұл жәдігерлік Регистан алаңының шығыс жағына, Мырза Ұлықбек медресесінің қарама-қарсысына орналасқан.

 **Бұл медресенің мәндайшасына киікті қызып бара жатқан арыстанның бейнесі түсірілгендейдіктен, ол Шердар медресесі деп аталып кеткен.**

Жалаңтөс Баһадүрхан 1646–1660 жылдарда алаңның солтүстік жағына тағы бір көрнекті жәдігерлікті – Тілләқары медресемешітін салдырады.

 **Бұл гимараттың ішкі және сыртқы бедер-нақыштары тіллә суымен өнделгені, яғни алтын жалатылғаны себепті ол Тілләқары деп аталған.**

Регистан алаңына бара қалсаңыз, аталмыш үш жәдігерліктің бір-бірімен тығыз үндесіп жатқанын байқайсыз, олардың көріктілігіне бас иесіз.

Тәуелсіздік жылдарында осы алаң мен оның айналасында ауқымды құрылыш және көріктендіру жұмыстары жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде бұл орынның көркіне-көрік қосылып, сұлудана түсті.

Регистан ерте замандардан бері бұқаралық сейілдер, фылыми-ағарту жиындары өтетін ұлы мәдени орталық болып келген. Қазіргі уақытта да сол игі дәстүрлер жалғасын тауып жатыр. Әсіресе 1997 жылдан бастап Регистан алаңында өткізіліп келе жатқан



«Шарқ тароналари» халықаралық музыка фестивалі бүкіл дүние жүзі музыка өнері өкілдерінің беделді басқосуына айналып барады.

Самарқант қаласында Регистан алаңынан тыс Шохизинда ескерткіштер кешені, Әмір Темір кесенесі, Имам Мотуриди кешені, Афрасиаб тәбелігі рәуішті көптеген тарихи орындар бар.

АДАМ ӨЗ ӨМІРІ БАРЫСЫНДА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БАРЫП КӨРУГЕ ТИІСТІ ҚАЛА



«Шарқ тароналари»
халықаралық музыка
фестивалі.

Қадірлі оқушы, сен көне Самарқант жөнінде айтылған «Жер жүзінің көріктісі», «Римнің құрдасы», «шәріп қала» дейтін дәріптеулерді естіген шығарсының Тәуелсіздік жылдарында бұлардың қатарына жаңа-жаңа мадактаулар қосылып жатыр. Мәселен, 2014 жылы 7 шілдеде Америка Құрама Штаттарының әлемге әйгілі «Хаффингтон пост» интернет басылымы Самарқантты адам өз өмірі барысында міндетті түрде барып көргө тиісті 50 қаланың бірі деп жариялады және сол қалалардың тізіміне енгізді.

Демек, бүгінгі таңда Самарқант қаласы жөнінде әңгіме қозғалса, оны әлемдегі ең көрікті де сәулетті қалалардың бірі ретінде әрбір адам өз өмірінде бір рет болса да көргө әбден лайықты деп мақтансақ болады.

Қорыта айтқанда, еліміздегі Регистан сияқты көрнекті тарихи жәдігерліктер ұлттық өздігімізді, халқымыздың дүниеде ешкімнен кем болмағанын, әлі де кем болмайтынын ұғынып өмір сүрге қызмет ете береді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неліктен Регистан аланы Самарқанттың жүрегі деп аталады?
2. Бұл жерде неше ұлы ескерткіш бой көтерген?
3. Мырза Ұлықбек медресесі неліктен оның есімімен аталады?
4. Мырза Ұлықбек медресесінің қарсысына қандай жәдігерлік орналасқан?
5. Тілләқары медресе-мешіті неліктен олай аталғанын білесін бе?
6. Шердар және Тілләқары медреселерін кім салдырган?
7. Самарқант қаласына мына суретте көрсетілген көліктердің қайсысымен баруға болады?



1



2



3



4

«Самарқант – Жер жүзінің көріктісі» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 152–154-беттер.
2. Ислам Каримов. Шығармалар, 15-том. Ташкент, «Узбекистон», 2007 жыл, 303–314-беттер.
3. O'zbekiston milliy ensiklopediyasi, 7-том. Ташкент, «O'zbekiston milliy ensiklopediyasi» мемлекеттік ұлттық баспасы, 2004 жыл, 457–460-беттер.
4. Samarqand – 2750. Ташкент, «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы бас редакциясы, 2007 жыл.



ҚАЙТАЛАУ

«ЕҢ ҰЛЫ, ЕҢ ФАЗИЗ МЕРЕКЕ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



1. Еліміздегі қайсы мейрамды ең ұлы, ең faziz мереке ретінде атап өтеміз?
2. Елімізде кеңінен мерекеленетін тағы қандай мейрамдарды білесін?
3. Ауған қызы неліктен арманына жете алмады?
4. Өзбекстанда қыздар қандай тәлім-тәрбие алып жатыр?
5. Мемлекетімізде қанша музыка және өнер мектептері бар?
6. «Өзбекстан мектептері» тақырыбының мазмұны жөнінде әңгімеледі.
7. Суреттерге қарай отырып, тәуелсіздік берген мүмкіндіктер жөнінде әңгімелеп бер.



1



2



3



4

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Қайсы мейрамды ең ұлы, ең faziz мереке ретінде атап өтеміз?
A) Наурыз мейрамы C) Конституция күні
B) Тәуелсіздік күні D) Мұғалімдер мен тәлімгерлер күні
2. Елімізде қайсы мейрамдар кең мерекеленеді?
A) БҰҰ құрылған күн C) Қауын сейілі
B) ЮНЕСКО құрылған күн D) Тәуелсіздік күні, Конституция күні,
Отан қорғаушылар күні, Халықара-

лық әйелдер күні, Наурыз, Еске алу және қастерлеу Күні

3. Елімізде неше жылдық міндетті жалпы білім жүйесі енгізілген?

- A) 9 жылдық
B) 3 жылдық
C) 5 жылдық
D) 12 жылдық

4. Дүниеде қандай күнә кешірілмейді?

- A) Жалқаулық
B) Самарқаулық
C) Қорқақтық
D) Қиянат

**«ТӘҮЕЛСІЗДІГІМІЗ МӘҢГІЛІК БОЛСЫН!» ТАҚЫРЫБЫ
БОЙЫНША СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Суреттер негізінде біз үшін мәңгілікке қатысы бар болып саналатын сәттер жөнінде әңгімелеп бер.



1



2



3



4

2. Неліктен біз жақсы нәрселердің мәңгілік болғанын қалаймыз?
3. Ата-бабаларымыз қандай жағдайда тенденсі жок жетістіктерге жеткен?
4. «Біз бұдан былай ескіше өмір суре алмаймыз және олай өмір сұруге өмірдің өзі жол бермейді» деген сөздерді кім және қашан айтқан?
5. «O‘zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітабының авторын айт.
6. Әмір Темір қайсы сөздерімен өз ісінің мәңгілік екенін атап көрсеткен?
7. Мырза Ұлықбек бабамыз шे?
8. Ұлы классик ақын Әлішер Науайдың: «Жер бетінде өмір бар шақта әлем ғалымдары оның ашқан жаналықтары негізінде тың тұжырымдар шығарып, дамыта береді» деген пікірінің мағынасын түсіндір.

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Президент Ислам Каримовтың тәуелсіздікке жету қарсаңында айтқан сөздерін тап.

- A) «Mehnatdan kelsa boylik, turmush bo‘lar chiroylik»
- B) «O‘zbekiston – kelajagi buyuk davlat»
- C) «Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch»
- D) «Biz bundan buyon eskicha yasholmaymiz va bunday yashashga zamonning o‘zi yo‘l qo‘umaydi»

2. Әмір Темір бабамыздың сөздері келтірілген қатарды тап.

- A) «Батыр майданда сыналады»
- B) «Өзбекстан – Алланың назары түскен ел»
- C) «Алтын отта, адам еңбекте сыналар»
- D) «Кімде-кім біздің құдіретімізге шубә келтірсе, салдырган ғимараттарымызды көрсін»

3. «Өз ісімді лайықты ұрпақтарыма қалдырыдым» деген сөзді кім айтқан?

- | | |
|-----------------|-------------------|
| A) Әмір Темір | C) Абдулла Қадыри |
| B) Әлішер Науай | D) Мырза Ұлықбек |

4. Әлішер Науайдың «Жер бетінде өмір бар шақта әлем ғалымдары оның ашқан жаңалықтары негізінде тың тұжырымдар шығарып, дамытада береді» деген сөздері кімге арналған?

- | | |
|-----------------|----------------------|
| A) Фархадқа | C) Хұсайын Байқараға |
| B) Әмір Темірге | D) Мырза Ұлықбекке |

«ОТАНЫМЫЗДЫҢ АСТАНАСЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



1. Ташкент қаласында неше аудан бар?
2. Ерте замандарда Ташкент қандай атаулармен аталған?
3. Ташкент қаласының неше қақпасы болған?
4. Ташкентте өмір сүрген ұлы ғұламалар мен әулие-әнбиелерден кімдерді білесін?
5. Тәуелсіздік жылдарында Ташкент қандай қалаға айналды?
6. Астанамызда қандай жоғары билік органдары мен орталық кенселер жұмыс істейді?

7. Ташкентті неліктен жастар қаласы дейміз?
8. Мына суреттерге қарай отырып, бүгінде қайсы орынды «Ташкенттің әуе қақпасы» деп атайдынымызды айт.



1



2



3



4

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Ташкент қаласында неше аудан бар?

- A) 10 аудан
B) 11 аудан
- C) 5 аудан
D) 4 аудан

2. Ертеде Ташкент қандай аттармен аталған?

- A) Хаш, Шаш, Бинкат
B) Шыланзар, Мирабад, Юнусабад
- C) Шыршық, Сырдария
D) Ташкент, Шыназ, Піскент

3. Отанымыздың өміріне қатысты қайсы ең маңызды оқиға Ташкентте болды?

- A) Өзбекстан тәуелсіздігінің жариялануы
B) Футболдан әлем чемпионаты
C) Әмір Темірдің 700 жылдық мерейтойына арналған салтанаттар
D) БҮҮ-ның Мыңжылдық саммиті

4. Ерте замандарда Ташкенттің неше қақпасы болған?

- A) 12
B) 15
C) 10
D) 8

«ҰЛЫ ФҰЛАМАЛАР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Хазіреті Имам кешеніндегі қайсы ескерткіштің қос мұнарасы бар?
2. Бұл кешен қай жерге орналасқан?
3. Қасиетті Усман Құраны қай жерде сақталады?
4. Хазіреті Имам кешенінде тағы қандай тарихи жәдігерліктер бар?




5. Мына суреттер арасында Хазіреті Имам кешені бейнеленген бе?



1



2



3



4

6. Еске алу алаңында қандай ескерткіш бар?

7. Еске алу алаңында Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан қанша жерлесіміздің аты-жөні жазылған?

8. Мына суреттер арасынан Азалы ана ескерткішін тап.



1



2



3



4

9. Самарқанттағы ең ежелгі мешіттің атын ата.

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Хазіреті Имам кешені орналасқан қаланы тап.

A) Самарқант
B) Қарши

C) Ташкент
D) Эндікан

2. Қайсы жәдігерлік қос мұнаралы жәдігерлік болып саналады?

A) Көгалдаш
B) Хазіреті Имам жоме мешіті
C) Әмір Темір кесенесі
D) Имам Мотуриди ескерткіш кешені

3. Усман Құраны қайсы кітапханада сакталады?

A) Өзбекстан Үлттық кітапханасы
B) Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы
C) Өзбекстан Үлттық университеті кітапханасы
D) Мойы мұбарат медресесіндегі мұражай-кітапхана

4. Қай ескерткіш Еске алу алаңында орналасқан?

- A) Азалы ана
B) Бақытты ана
C) Ел-жұрт тірегі
D) Отанға ант

«ӨЗБЕКСТАН ҮЛТТЫҚ БАҒЫ» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Өзбекстан Үлттық бағы кімнің атымен аталады?
2. Үлттық бақта қайсы ұлы ақындар мен жазушылардың ескерткіштері бар?
3. Мына суреттер арасынан Өзбекстан Үлттық бағындағы ескерткішті тап.



4. Үлттық бақтағы амфитеатрда қандай жалпыхалықтық мереңдер тойланады?
5. Әмір Темір саябағы қай жерде орналасқан?
6. Бұл саябақта кімнің ескерткіші бар?
7. Суреттер арасынан Әмір Темір саябағындағы ескерткішті тап.



8. «Өзбекстан» халықаралық симпозиумдар сарайы қашан құрылған?

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Өзбекстан Үлттық бағының жалпы алаңы неше гектар?

- A) 50 гектар C) 69 гектар
B) 15 гектар D) 70 гектар

2. Үлттық бақта қайсы ақындар мен жазушылардың ескерткіштері орнатылған?

- A) Бабыр Мырза, Абдулла Қадыры
B) Элішер Науаи, Абдулла Қаһар, Айбек, Сайд Ахмад, Саида Зуннұнова
C) Зұлфия мен Хамит Әлімжан
D) Чулпан, Fafur Fұлам
E) Әмір Темір мен Мырза Ұлықбек

3. Қайсы ұлы бабамыздың ескерткіші Әмір Темір саябағына орналған?

- A) Элішер Науаи C) Әмір Темір
B) Айбек D) Мырза Ұлықбек

4. Ташкент қаласының неше жылдық мерейтойы атап өтілді?

- A) 2000 жылдығы C) 2700 жылдығы
B) 2500 жылдығы D) 2200 жылдығы

«ТАРИХИ ЖАД» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



- Мәңгүрт сөзі қандай мағынаны білдіреді?
- Киудзо Като кім?
- Мына суреттерде қайсы тарихи жәдігерліктер бейнеленген?



1



2



3



4

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Ата-бабаларымызды тарихты үйренуге жігерлендірген қандай сезім?

- A) Мұрагерлік сезімі C) Тарихи жад сезімі
B) Өздігін тану сезімі D) Әділет сезімі

2. Мәңгүрт сөзінің мағынасы қайсы қатарда дұрыс көрсетілген?

- A) Тарихи жадын жоғалтқан адам C) Көзі соқыр адам
B) Қол-аяғы жоқ адам D) Жолынан аласқан адам

3. Киудзо Като кім?

- A) Өзбек фалымы C) Қытай тарихшысы
B) Жапон фалымы D) Жапон жазушысы

4. «Өз тарихын білмейтін, кешегі күнін ұмытқан ұлттың келешегі жоқ» деген сөздер Президент Ислам Каримовтың қайсы шығармасынан алғынған?

- A) «Olloh qalbimizda, yuragimizda»
B) «O'zbekiston XXI asr bo'sag'asida»
C) «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch»
D) «O'zbekiston – kelajagi buyuk davlat»

«РЕГИСТАН АЛАҢЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

- 
1. Регистан алаңы қай жерде орналасқан және оны қандай ат-пен атайды?
 2. Мырза Ұлықбек медресесін кім салдырган және онда кімдер дәріс берген?
 3. Элішер Науай қай жерде білім алған?
 4. «Регистан» сөзінің мағынасын айт.
 5. Ерте замандарда тағы қайсы қалаларда Регистан аландары болған?

6. Мына суреттерге зер сала отырып, Ұлықбек, Шердар және Тілләқары медреселері алаңында кай түсында орналасқанын айтып, көрсетіп бер.



1



2



3

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қайсы медресе Регистан алаңында орналасқан?

- | | |
|--------------|------------------|
| A) Көгалдаш | C) Мырза Ұлықбек |
| B) Бибіханым | D) Mir Араб |

2. Арыстан атымен аталған медресе қайсы қатарда тұр?

- | | |
|------------------|-----------------|
| A) Мырза Ұлықбек | C) Мойы мұбарак |
| B) Абулқасым | D) Шердар |

3. Қайсы медресенің атауы қымбат бағалы металга байланысты?

- | | |
|-------------|------------------|
| A) Шердар | C) Мырза Ұлықбек |
| B) Көгалдаш | D) Тілләқары |

4. Регистан алаңында өтетін халықаралық фестиваль қалай аталады?

- | | |
|----------------------|----------------------|
| A) «Шығыс пен батыс» | C) «Шарқ театры» |
| B) «Әлем музыкасы» | D) «Шарқ тароналари» |



* * *

Қадірлі оқушы, төменде назарыңа ұсынылып отырған шығарма да Отан туралы білімің мен ұғымдарыңды нығайта түседі деп ойлаймыз.

Озод Шарафиддинов

ӨЛСЕМ ДЕ АЙРЫЛМАСПЫН ҚҰШАҒЫННАН

Сазды өуендей күмбірлеп естілетін осынау сөздерді алғаш рет балалық шағымда — соғыс басталған жылы естіген едім. Жас көрermenдер театрының Ескі Жуадағы әлімсақтан қалған тап-тар залы. Адам лық толы. Сахнада тәпелтек бойлы, күлше жүзді, жылы шырайлы әртіс көздерінен нұр шашып, дауысын біресе қөтеріп, біресе төмендетіп, толку үстінде өлең оқып тұр.

**Отан-ана – асыл гой, асыл нағыз,
Барлығынан қымбат ол әрі ғазиз.
Құрметінді сақтайды ұл менен қыз,
Бас иеміз алдында нұрланып жүз.
Айналым қасиетті Отанымнан,
Өлсем де айрылmasпын құшагыннан...**

Көп өтпей, театр залында отырғаным да, сахнадағы әртістің өлең оқып тұрганы да ұмыт болды. Өлең жолдары, өсіреке әр шумақтан соң қайталанатын «Өлсем де айрылmasпын құшагыннан» деген тармақ бейне менің жүрегімде туылып, ішкі дүниемнен қайнап шығып жатқандай. Қарапайым фана үш сөзден құралған жалынды арнау жай өлең емес, өмір бойы мойынсұнатын салтанатты анттай болып күмбірлеп тұрды.

Кейін расында да солай болды – Ұйғын қаламынан туған бұл жолдар бүкіл өмірімнің барысында маған айнымас серік болып келеді. Қадамым жеткен түрлі елді мекендерде, түрлі жағдайларда да осынау өлең жолдары менен сұрап та отырмай, жан дүниемде аяқ астынан буырқана қайнап шығады. Сонда еліміздің жомарт дұғасынан ризық алған жасыл дала сияқты көнілім таудай қөтеріліп, бейне құстай самғасам



даймін. Тамырларыма тың күш күйілғандай болып, өзімді қайратты сезіне бастаймын.

Отан. Отан сезімі. Отанға деген сүйіспеншілік. Бұлар нелер? Әлі кәмелетке жетпеген, дүниені көрмеген, тұрмыстың кедір-бұдырынан бейхабар, алаңсыз ойын мен сотқарлықтан басқа уайымы жоқ жасөспірімнің жүргінен орын алған, өмір бойы оның іс-әрекеттерін, жүріс-тұрысын бақылап, басқарып тұратын бұл қандай сиқыр, қандай құдірет?! Бұл

сезім адам баласында туа бітетін қасиет пе? Яки жас нәресте ана омырауын тамсана сорғанда, бұл сезім сол ана сүтімен бірге дарып, қан тамырларына құйыла ма? Жалпы алғанда, «Отан» дегеннің өзі не? Тұлып-өскен үйін бе? Бесікте жатқанында құлағына кірген мұнды да нұрлы ана әлді мі? Әжең айтқан ертегілер ме? Мектеп пе? Алғашқы махаббатыңа күә болған тылсым саябақтар ма?

Әрине, бұлардың барлығы және тағы бірталай нәрселер бірігіп, Отан деген сезімнің өшпес бейнесін жасайтын шыгар. Тағы ойлаймын, баланың нәзік жүргіндегі алғаш рет пайдаланған Отан бейнесі қаншалықты жарқын болғанымен, әлі де өзінің кескін-келбетін толық қалыптастырып үлгірмейді. Отан сезімі адамның өзімен бірге өсіп-ұлғаятын сезім болып табылатынға ұқсайды. Тәжірибелі молайған сайын, өмірдің тайқазанында қайнап, пісіп-жетілген сайын Отанды көбірек қадірлейтін боласын, ол жөніндегі үгым-түсінігің кеңейіп, байи түседі. Отан сезімі бүкіл жан дүниенде билеп алады, әрбір жасушаңа дейін тамыр жаяды. Отан тек жалынды жастық шақтармен ғана байланысты саялы да салқын орын еместігін енді үғына бастайсын. Адам да жас өркенге ұқсайды – оны өндіріп-

өсіретін ана топырак бар, күн нұры, су мен ауа өз ризықтарымен байытып тұрады. Сондықтан да бұлардың барлығы адам үшін өте-мөте faziz әрі ардакты. Десек те, бұлар әлі толық Отан емес.

Адамзат солай жаратылған, ол өзгелерден бөлек, жападан жалғыз, соқа басы өмір сүре алмайды. Дұрыс, адамдар арасында бұл дүниені тәрк еткендері, жалғызбастылықты ұнататындары, ешкімді жаны жақтырмайтындары да бар. Бірақ олар қаншалықты жалғыз болса да, ел-жүргіттән безіп, сан түрлі үнгірлерде жасаса да, бәрібір мындаған көзге көрінбес арқаулар арқылы дүниемен байланыста болады. Тіпті өмірінің тен жартысын көзе ішінде ұйықтаپ өткізген грек философы Диоген де, бәрібір өз шәкірттерімен, өзге де философтартармен байланыс жасап тұрган. Ата-аналар, перзенттер, ағайын-туыстар, дос-жарандар, құрбы-құрдастар кез келген адамның өміріне сан түрлі мағына мен сипат береді. Адам оларды жақсы көруі, олармен ынтымақта өмір сүруі мүмкін, сондай-ақ оларды жақтырмаяу да мүмкін. Бірақ, қалай болғанда да, олардың барлығына теріс қарап, мұлде бас тартуға болмайды...

Отанға сүйіспеншілік, анаға деген сүйіспеншілік тәрізді, өте қасиетті әрі ұлы сезім. Анаға сүйіспеншіліктің өзіне тән сондай бір жағы бар, адам бұндай сезімі туралы баршаға жар салып, өзгелерді құлақтандыра бермейді, тіпті анасының өзіне де күн сайын «Анашым, мен сізді жанымнан да артық жақсы көремін» дей бермейді. Эйтсе де әр күні анасына деген қамкорлығын, мейірбандығын, жомарттығы мен жанашырлығын ісімен, қарым-қатынасымен, әңгіме-сөздерімен іс жүзінде көрсетіп тұрады.



**Өзбекстан Қаһармандары –
Президент Ислам Каримов
пен әдебиеттанушы ғалым
Озод Шарафиддинов.**

Отанға сүйіспеншілік те сондай: оны баршаға білдіре бермейді, ол туралы салтанатты хабарландырулар басылмайды, әр бұрышта көкірегін төбелеп Отаның сүйетіндігін өшкере қылмайды. Мәдениеттің жоғары сатыларына көтерілген қоғамдарда адамдар өз Отанына махаббатын ашық жария етпей, мақтаншактыққа берілмей-ақ дәлелдейді. Отанға сүйіспеншілік саудаға салынатын мата емес, бәлкім адам жүргегінің түкпірінде жасырын сакталатын ең нәзік, ең таза сезім шығар...

Отанды сую, әсіресе оны іс жүзінде дәлелдеу оншалықты оңай шаруа емес. Бұл адамнан үлкен ерлікті, табандылық пен төзімділікті талап етеді. Бір қызығы сол, Отан өз перзенттерінен әр айда, әр аптада, әр сағат пен әр минутта жан пида етуді талап етпейді. Отан жолында жасалатын кез келген жанқиярлық – ең жоғары, ең ұлы жанқиярлық болып табылады, ол төтенше жағдайларда ғана көрінеді...

Адам ата-ананы таңдай алмайтыны сияқты, Отанды да таңдай алмайды. Эрине, Алла тағала адамға Отанды мұздықтардан да, сусыз шөлдерден де, ит тұмсығы батпайтын ну тоғайлардан да беруі мүмкін. Бірақ сіз бен бізге Жаратқан Өзбекстан деп аталатын, топырағында алтын да гүлдейтін, қысында көктем сыбырлайтын, тау десе тауы бар, бақ десе бауы бар, әр танда бұлбұлдар жырын төгіп тауыса алмайтын елді Отан етіп берген екен, бұл үшін өзімізді бақыттымыз деп санауымыз керек. Президентіміз айтқандай, шүкірлік етіп өмір сүрге тиіспіз...

Қадірлі отандас! Сіз бен біз өзбектерміз. Әр халықтың өзіндік манғаздығы болады. Бүгін біз дүние халықтары қатарынан лайықты орын иелеуге әрекет жасаудамыз. Дегенмен біздің манғаздығымыз қашалықты жоғары болғанымен, өз қадірімізді өзіміз көтергенімізben, өзімізді ешкімнен жоғары қоймақшы емеспіз, басқа бірер халықты кемсітіп, төменсітпейміз. Біз мынаны жақсы білеміз, Алла өзінің барлық пенделерін тен етіп, бір-біріне туысқан, бауыр етіп, дос етіп жаратқан.¹

¹ **Озод Шарағиддинов.** Рухани кемелдік жолдарында. –Т.: «Маънавият», 2001 жыл, 16–26-беттер. Ішінара қысқартылып басылды.

Екінші тарастыру. ӘЛЕМ МӘРТТІ ТАНИДЫ

МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨМІР

Кадірлі оқушы, ұлы тарихы бар халықтың руханияты да ұлы болады.



Сөздіктеге қарағанда, руханият – «ой-сананың, ішкі дүниенің азығы», «рухани байлық» деген сөздердің көптік формасы болып табылады.

«Руханият» сөзінің мазмұны тек бұл сөздермен ғана шектеліп қалмайды.



«Адамды адам ететін, оның санасымен және рухани жан дүниесімен тығыз астасып жатқан бұл ұғым кез келген адамның, қоғамның, ұлт пен халықтың өмірінде басқа ештеңемен өлшеуге болмайтындей ерекше орын иелейді»¹.

Адамзат материалдық және рухани сұраныстармен тірі. Оларды бір-бірінен жоғары қоюға болмайды. Материалдық ұмтылыстар күштейіп кетсе, адамдар рухани бет-бейнесін, өзара құрмет, сұлулықты қадірлеу, шындыққа сену секілді қасиеттерінен айрылып қалуы мүмкін.

Керісінше тек рухани ұмтылыстармен өмір сұруғе де болмайды. Өйткені бұндай өмір адамдардың материалдық прогрестен артта қалып кетуіне, тіпті мектеп, кітапхана, театр, мұражай тәрізді ғылым мен ағарту орталарын салудың өзіне қаржы таба алмай, акыр сонында тақыр кедей болуына соктырады.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 19-бет.




«Адамға тән арман-тілектерді жүзеге асыруды, оның саналы өмір сүруіне қажетті материалдық және рухани әлемді бейне ұшып бара жатқан құстың қос қанатына теңесек орынды болар еді деп ойлаймын. Қай кезде осынау екі фактор өзара үндессе, шын мәніндегі қос қанатқа айналса ғана адамның, мемлекет пен қоғамның өмірінде өсу мен өзгеру, ілгерілеу үдерістері жүреді»¹.

Шынтуайтында да біз әлемдік тарихқа назар аударатын болсақ, нақ осылай материалдық және рухани байлықтарды үндестіріп, прогресс жолында оларды кеңінен пайдалану үнамды нәтижелер бергенін көреміз. Бұларды барлығы да бұрынғы кеңестік жүйе кезінде қалыптасқан «материалдық байлық адамды бұзады», «материалдық әлем – алғашқы, рухани әлем – екінші дәрежелі» дейтін, түптең келгенде, екеуі бір-біріне қарама-қайшы көзқарастардың қаншалықты дұрыс емес екенін көрсетеді.



Егер материалдық байлық адаптацияның негізінде ақылмен жұмсалса, ізгі мақсаттарға қызмет ететіні сөзсіз.



Альфред Нобель.

Дүние жүзі тарихында жеке басының байлығын руханиятқа, өз халқының агартуышылық дамуына сарп еткен тұлғалар көп кездеседі. Мәселен, Ресейде шыққан тегі саудагер, яғни көпес болған Павел Третьяков есімді адам жастайынан-ақ өзіндік мұражай мен суреттер галереясын ашуды армандаған. Ол осы ниетпен көптеген көркем туындыларды сатып алған. Ал өмірінің сонында бұл байлықтың барлығын Мәскеу қаласына сыйфа тартқан. Мәскеудегі әйгілі Третьяков галереясы

¹ Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 67-бет.

осылайша дүниеге келген. Бұғінгі танда кез келген мәдениетті адам ең құнды бейнелеу өнері шығармалары жинақталған бұл мұражайды бір көруді армандаиды.

Әлемдегі ең беделді халықаралық Нобель сыйлығының негізін қалаған адам – швециялық Альфред Нобель болып табылады. Өзі жиган байлықты руханиятқа қызмет еткізудің жолын тапқан осынау ғажайып тұлғаның мамандығы химик-инженер еді.

Біздің ұлы бабаларымыз да бұл салада көптеген өнегелі істерді жүзеге асырған. Атап айтқанда, ұлы ойшыл ақын Әлішер Науай жеке қаржысы есебінен жолдар, көпірлер, керуенсарайлар, кітапханалар мен медреселер салдырған, талантты ақындарды, суретшілер мен әдебиеттанушыларды қамқорлығына алып, оларға өз қаласынан жалақы төлеп тұрган.

Материалдық байлықтарды ізгі мақсаттарға қызмет еткізген бұндай жомарт бабаларымыздың иғі дәстүрлерін бұғінгі отандастарымыз да лайықты жалғастырып келеді. Бұғінде елімізде өз есебінен балабақша немесе мектеп, жолдар салған, балалар үйлеріне, келісім шарт негізінде оқып жатқан студенттерге көмек қолын созған, махаллалар аумағын абаттандыруға үлес қосып жүрген тұлғалар барған сайын көбейіп келеді. Бұлардың барлығы да – материалдық байлықты руханият жолына қызмет еткізудің жарқын ұлгісі дей аламыз.



**Науай қаласындағы
Әлішер Науай ескерткіші.**

**Өз байлығы мен қаржысын руханиятқа, сан мындаған
адамдарға септігі тиетін ізгі істерге жұмсау – жоғары
адамгершіліктің белгісі.**

Адамгершілік жоқ жерде арсыздық, бақталастық, күншілдік, тек өз қамын ғана ойлаушылық секілді жағымсыз дертер өріс алады. Ал бұл ақыр соңында руханияттың төмендеуіне себеп болады.

Бұндай қасиеттер сан гасырлар бойы біздің халқымыз руханиятының құрамдас бөлігі болып келген. Олар Отанға сүйіспеншілік және адалдық сезімімен тығыз астасып, туған жер мен туған халыққа деген мейір-шапағаттың арқасында барған сайын кемелдене береді. Осы іспеттес өнегелі қасиеттер негізінде руханият қалыптасады.

Ұлы ата-бабаларымыздың қайсысының өмір жолына зер салсақ та, барлығының да қызметінде өнегелі қасиеттер, яғни руханият негізінде өмір сұру басты өлшем болғанын байқаймыз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Руханият сөзінің мағынасын түсіндір.
2. Елбасымыз қай нәрсені ұшып бара жатқан құстың қос қанатына тенеген орынды деп атап көрсеткен?
3. Материалдық және рухани байлық дегендерді сен қалай түсінесін?
4. Мына суреттердегі көріністердің қайсысы материалдық, қайсысы рухани өмірге тиісті екенін айт.



1



2



3



4

5. Альфред Нобель кім болған?
6. Әлішер Науай қандай ізгі жұмыстарды жүзеге асырған?
7. Біздің халқымызға тән өнегелі жұмыстардың қайсысын атай аласын?

Практикалық жаттығу

АДАМГЕРШІЛІК

Аңыз

Ұлы ақын әрі ойшыл, күресте жауырыны жерге тимеген Палуан Махмұдтың атақ-данқы Хорезм елінен сонау Үндістанға жетіп барады. Ол үнділердің ең мықты палуандарымен белдесуге шақырылады. Палуан Махмұд бұл палуандармен жеке-жеке күресіп, бәрін де жығып салады.

Хорезмдік баһадүрдің күші мен шеберлігіне қайран қалған үнді патшасы оны құзырына шақырып, жоғары құрмет пен ілтипат көрсетеді. Сосын: «Енді тілегінді айт», – дейді. Сонда Палуан Махмұд ойланып та отырмастан былай депті: «Жоғары мәртебелім, соғыс кезінде сіздің қолыңызға тұтқынға түскен отандастарымды азат етсеңіз болды, менің жалғыз тілегім осы!»

Үнді патшасы Палуан Махмұдтың тек білегі күшті ғана емес, ақыл-парасаты мен руханияты да күшті, адамгершілігі жоғары жан екендігін мойындалап, тұтқындағы барлық хорезмдіктерді азат еткен екен.

Қадірлі оқушы, көрдің бе, бір адамның рухани қасиеті, яғни адамгершілігі арқасында жүздеген адамдардың тағдыры шешіліп, тұтқындық бұғаудан босатылған. Бұл тарихи аңыз Елбасымыз тілге алған, әйгілі кітаптың аты ретінде баршамызға танылған «Жоғары руханият – жеңілмес күш» деген сөздердің терең өмірлік негізі бар екендігін айқын дәлелдейді. Расында да руханияты күшті адамды, халық пен қоғамды ешкім жене алмайды.

Мынаны есінде сақта, рухани қасиеттер бір-бірімен тікелей байланысты. Сондыктан да адамгершілігі жоғары, қайырымды да жомарт адам міндетті түрде адал, жаны кіршіксіз таза әрі әділетті болады. Егер сен ата-бабаларымыз қасиеттерінің тарихы жазылған көне кітаптарды мұқият оқысан, бұл айтылғандардың ақиқат екендігіне көз жеткізесін.



«Бабыр Мырзаның әкесі Омаршайх Мырза темурилерден шыққан билеушілердің бірі екені белгілі. Бабыр өзінің естеліктерінде әкесінің соншалықты әділетті әрі адам болғанын дәлелдейтін бірқатар мәліметтерді келтіреді. Қай бір жылы Қытайдан Ферганага келе жатқан мың адамдық керуен Ош тауларында қар көшкіні астында қалып, қайылы қаза табады. Омаршайх Мырза дереу өз адамдарын жіберіп, керуеннің жүктегін бақылау астына алдырады. Иелері қаза тапқан бұл тауарларды екі жылдан астам уақыт бойы сақтайды. Хорасан мен Самарқандқа арнайы адам жіберіп, керуен иелерінің мұрагерлерін іздетіп таптырады және оларды өз мемлекетіне шақыртып, тауарларды толығымен қолдарына тапсырады»¹.

Ата-бабаларымызға тән осындай адалдық, туралық, біреудің ақысына қиянат жасамау секілді қасиеттер үрпақтан үрпаққа өтіп келеді. Өмір салтымызға, ұлттық менталитетімізге сіңіп кеткен бұндай қасиеттерді елімізде 70 жылдан астам уақыт бойы үстемдік еткен кеңестік идеология да өмірімізден шығарып тастай алмады. Егер сен ұстаз жазушымыз Улmas Умарбековтың шығармасы негізінде сахналандырылған «Қиямет қарыз» атты спектакльді тамашалаған болсан, онда қарапайым ауыл адамының жүргендіңде нақ осындай қасиеттердің наным дәрежесіне көтерілгенін байқайсың.



Әндіжан қаласындағы
Бабыр Мырза ескерткіші.

Тәуелсіздік жылдарында ел-жүртимыздың бұндай үлгілі қасиеттері жана сипат алып, кадір-құрметі арта түсті.

¹ **Ислам Каримов.** Adolatli jamiyat sari. –Т.: «Узбекистон», 1998 жыл, 110-бет.

Президентіміз айтқан «Сарап істі әр күні жасау керек, сарап істі әркім де жасау керек» деген сөздер ұранға айналып, өмірге қалтқысыз енгізіліп жатқан бүгінгі таңда жоғарыдағы пікірлердің айғағын қадам басқан сайын көруге болады.

Кадірлі оқушы, нақосындағы өнегелі істердің иесі болып отырған халықтың перзенті ретінде біз де әрқашан жақсылық пен ізгілікке ұмтылып өмір сүруге тиіспіз. Міне, сонда ғана ұлы бабаларымызға лайықты ізбасарлар боламыз, өзіміз де артымызда лайықты ат қалдыра аламыз.



Çұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үнді патшасы Палуан Махмұдтың ержүректігі мен адамгершілігіне неліктен тәнті болды?
2. Бабыр Мырзаның әкесінің есімі кім?
3. Қытайдан Ферғанада келе жатқан керуен қалайша қайғылы жағдайға тап болды?
4. Омаршайх Мырзаның адал да әділетті болғаны жөнінде әнгімелек.
5. Елбасымыз айтқан сөздердің мағынасы қандай?
6. Мына суреттерде елімізге тән қандай қасиеттер көрініс тапқан?



1



2



3



4

ОТТА ЖАНБАҒАН МҰРА

Қадірлі оқушы, материалдық байлық қаншалықты көп, қаншалықты қымбат болғанымен, күндердің күнінде ескіреді немесе алуан түрлі апаттардың себебімен отқа жануы, суға батуы мүмкін. Рухани байлықтың артықшылығы сол, оған уақытта, заман да, табиғи апаттар да өз ықпалын жүргізе алмайды.



Рухани байлық отқа жанбайды, суға батпайды, адам баласы, халық пен ұлт бар жерде олардың жүрегінде, санасы мен түйсігінде мәнгі жасай береді.

Біздің халқымыз сияқты оның рухани байлықтары да санғасырлар бойы өте күрделі де ауыр сынақтарды бастан өткерді. Бірақ қаншалықты аяусыз қырғын мен құғын-сүргінге душар болса да, халқымыздың руханият бұлағы ешқашан тартылыш қалмады.

12 МЫҢ İРІ ҚАРАНЫҢ ТЕРІСІНЕ ЖАЗЫЛҒАН КІТАП

Осыдан 2700 жылдай бұрын біздің еліміздің топырағында жазылып, 12 мың мүйізді ірі қараның терісіне алтын сұмын жазылған «Авесто» кітабы шалғайдағы шетелдерге де танымал әрі әйгілі болған.

Дүниедегі түрлі құштер бұл кітапқа иелік жасауға ұмтылған. Мәселең, атақты грек қолбасшысы Александр Македонский 32 кітаптан тұратын бұл шығарманың түпнұсқасын Грецияға жіберген. Гректер бұл шығарманың медицина, астрономия, философия ғылымдарына қатысты тарауларын жеке көшіріп алғып, қалған беттерін отқа тастанап, өртеп жіберген. Біздің топырағымызда дүниеге келген ұлы жаңалықтар осы-

лайша Греция аркылы бүкіл Еуропаға тараған. Бұл шындықты батыс фалымдары да мойындейдиды. Көрнекті неміс философы Фридрих Ницше «Авесто» кітабынан жігерленіп, «Зардұшттанымы» атты шыгарма да жазған.

Бұл кітап отқа жағылғанына қарамастан, оның көптің көке-йінде жатталып қалған идеялары халқымыздың жүрегінде, күнделікті әдет-ғұрыптарында өмір сүре берген. Бұл шыгарманың негізгі идеясы болып табылатын ізгілік бүгінгі таңда да барлық арман-талпыныстарымыздың негізіне жинақталғаны жайында сен бұрынғы сабактарымыздан жақсы білесін.

Білім мен ізгіліктің адам өміріндегі және қофамдағы маңызын жақсы түсінетін халықтар өз күшін, мүмкіндіктерін жоғарыдағыдай ешқашан жоғалмайтын рухани байлықтарға сарп етуге әрекет жасаған.

Біздің халқымыз да ежелден-ақ білім мен ағартушылыққа үмтүлышп өмір сүрген халық ретінде танылышп келген. Бұның айқын дәлелін бүкіл өмірін ғылым мен білімнің гүлденіп-дамуына сарқа жұмсаپ, әлемдік өркениетті осы қунге дейін таңдандырып отырған ұлы ғұламаларымыздың мысалынан көруге болады.

МЫҢ ЖЫЛДА БІР ТУЫЛДАТЫН ҒҰЛАМА

Ежелгі Хорезм топырағында туылышп-өскен ұлы бабамыз Махмұд Замахшари ғылым мен ағарту ісі жолындағы теңдесі жок қызметтері үшін «Жаруллах», яғни «Алланың көршісі» деген атқа ие болған. Оның қаламынан туган «Ал-муфассал»



Үргеніш қаласындағы
«Авесто» ескерткіші.

кітабы араб тілінің грамматикасына негіз етіп алған, ол араб әлемінде осы күнге дейін қолданылып келеді. Сол себепті араб ойшылдарының бірі «Әлемдегі барлық қыстақтарды қосқанда да, Хорезмнің жалғыз фана Замахшар қыстағына тати алмайды. Өйткені бұл қыстақ — мың жылда бір-ак рет дүниеге келетін Замахшари сынды әйгілі ғұламаның отаны» деген екен. Бұл, әрине, бұлтартпас шындық.¹

Еліміздің даңқын айдай әлемге паш еткен ғұлама бабалармыздың тағы бірі — медицинағының үлкен жаңалықтар ашып, «шайхур-раис», яғни «ғұламалардың ғұламасы» атанған Әбу Әли ибн Сина болып табылады. Бұл тұлғаның «Медицина заңдары» атты шығармасы Еуропа университеттерінде алты ғасыр бойы окулық ретінде пайдаланылған, ал оның өзіне тән философиялық іліміне әлем фалымдары осы күнге дейін үлкен қызығумен қарайды.

Аңыз

Ибн Сина және ғашық жігіт



Ташкент қаласындағы
Ибн Сина ескерткіші.

Бір жігіт аяқ астынан қатты ауырып қалады. Ешқандай тәуіп оның дертіне шипа таба алмапты. Ақыры жігіттің ата-анасы ұлы хакім Ибн Синаға келуге мәжбүр болады. Ұлы ғұлама жігіттің тамырын ұстап тұрып: «Осы жақын мандағы маҳаллалардың атын ата», — дейді. Қайсы бір маҳалланың аты аталғанда, жігіттің тамыр соғуы жиілеп кетеді. Сонда Ибн Сина үй иелеріне қарап: «Енді сол маҳалладағы көшелердің атын атаңыздар», — депті. Көшелердің бірінің аты аталғанда, жігіттің тамыр соғуы тағы да жиілей

¹ Ислам зиясы өзбекім бейнесінде. Ташкент ислам университеті баспасы, 2001 жыл, 189-бет.

түседі. Ұлы емші науқас дертінің сырын барған сайын тереңірек сезініп: «Енді сол көшеде тұратын қыздардың есімдерін айтыныздар», – дейді. Қыздардың біреуінің аты аталғанда, жігіт құрсінгендей болыпты. «Ұлыныздың ауруы анық болды, – дейді Ибн Сина. – Оны мендеткен дерт – махаббат дерті».



Ибн Сина неліктен науқас жігітке дәрі жазып береді?



«Ұлттық тарихымыздың тағы бір жарық жұлдызы Әбу Райхан Берунидің қызметіне шынайы баға бере тұрып, америкалық пән тарихшысы Сартон XI ғасырды «Беруни ғасыры» деп атайды. Бұндай жоғары да әділ баға ең алдымен әнциклопедист ойшыл бабамыздың ғылым мен білімнің да-муына қосқан теңдесі жоқ үлесімен сипатталады»¹.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Материалдық байлық мәнгілік тұра ма?
- Рухани байлықты жойып жіберуге бола ма?
- «Авесто» кітабы неше ірі қараның терісіне жазылған?
- Отқа тасталған бұл кітап толығымен жанып кетті ме?
- Махмұд Замахшари кім болған?
- Мына суреттер арасынан Әбу Әли ибн Синаның ең әйгілі шығармасын көрсет.

МЕДИЦИНА
ЗАҢДАРЫ

1

ЛӘЙЛІ
МЕН
МӘЖНҮН

2

ҮНДІСТАН

3

АЛ-МУФАССАЛ

4

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 42-бет.

ӨЗБЕКСТАН – ҰЛЫ ФУЛАМАЛАР ЕЛІ

Қадірлі оқушы, сүйікті Отанымыз жөнінде сөз қозғалғанда, көпшілік оның тағы бір ерекшелігін атап көрсетеді. Бұл – біздің еліміздің ежелден-ақ ұлы фуламалардың Отаны болып келгендей. Осы тақырыпқа арналған халықаралық конференцияның 2014 жылы 15–16 мамыр күндері біздің топырағымызда, көне әрі мәңгі жас Самарқант қаласында өткенін сен бұдан бұрынғы сабактардан жақсы білесін. Бұл жиында орта ғасырларда біздің топырағымыздан соңшалықты қөп және ұлы фуламалар жетіліп шыққана әлемдік тарихта өте сирек кездесетін құбылыс екендігі айрықша айтылды.

Аңыз

Фалымдық мәртебе



**Ташкент қаласындағы
Мырза Ұлықбек
ескерткіші.**

Мырза Ұлықбектен: «Сіз неліктен саясаттан гөрі ғылымға көбірек қызығасыз?» – деп сұрағанда, ол былай жауап берген екен: «Мен ғылым мен білімнің құдіреттілігін атамнан білдім. Бір жолы атамның тізесінде отырған едім, оның құзырына бір адам кірді. Атам орнынан жалма-жан ұшып тұрды. Мен оның тізесінен құлап тұстім. Атам маған көніл де бөлмestен, әлгі кісіні қарсы алуға ұмтылды. Кейінірек білсем, ол кісі бір кездерде атама білім сырларын үйреткен ұстазы екен. Фалымдықтың мәртебесі патшалықтан да биігірек тұратынын сонда білгенмін. Сол кезде-ақ санамда фалым болуға өuestік оянған болатын».



Дүние жүзінің тілтануши ғалымдары әлемдегі ұлы ақындар мен жазушылар ортасында ең сөз байлығы мол шығармагерді анықтау бойынша зерттеу жүргізген. Зерттеудің нәтижесіне орай, ұлы бабамыз Әлішер Науай дүниедегі ең сөз байлығы мол ақын ретінде танылған. Әлішер Науай өзінің шығармаларында 26 мың 35 сөзді қолданған екен. Ұлы орыс ақыны Александр Пушкин 21 мың 93 сөзді, ал ағылшын ақыны Уильям Шекспир 20 мыңнан астам сөзді қолданыпты.

Сол себепті де Әлішер Науай бүкіл әлемдегі ең атақты ақындардың бірі болып саналады. Бұл ұлы тұлғаны есте сақтау бойынша Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында, Жапонияның астанасы Токиода және Әзербайжан Республикасының астанасы Баку қаласында сәулетті ескертіштер орнатылғаны біздің топырағымыздан шыққан ұлы бабаларымызға, сондай-ақ халқымызға білдірілген жоғары құрмет пен қадірдің белгісі болып табылады.

Сондықтан да Елбасымыз Ислам Каримов Әлішер Науайдың данышпандығына үлкен баға беріп, ол жайында былай деген болатын:



«Егер бұл ұлы тұлғаны әулие десек, ол – әулиелердің әулиесі, ойшыл десек, ойшылдардың ойшылы, ақын десек, ақындардың сұлтаны болып табылады»¹.



Баку қаласындағы
Әлішер Науай ескерткіші.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 47-бет.

Ұлы талант иесі болып саналатын тағы бір бабамыз – Камолиддин Бехзод орта ғасырлардағы Шығыс бейнелеу өнерінде үлкен мектеп ашқан.

Бехзодты ұлы ғұлама Захириддин Мұхаммед Бабыр «суреткерлік істі тендесі жоқ нәзік салаға айналдырыды» деп сипаттайды. Бұл сөздерді Бехзодтың адамның бет әлпеті арқылы оның ішкі дүниесін, мінез-құлқын өте нәзік те тартымды етіп суреттей алатын шеберлігіне тәнтілік деуге болады. Сол сияқты Батыстағылар Бехзодты «Шығыс Рафаэлі» деп өздері билетін әрі ұнататын суретшіге теңегенімен, оның шығармашылығы мен ұлы итальян суретшісі әрі сөүлеткери, Батыс Ояну кезеңінің көрнекті өкілі болып саналатын Рафаэль Сантидің шығармашылығы арасында үлкен айырма бар. Рафаэль Санти үлкен сарайлар мен ғибадатханаларда қабыргалық суреттер салған, ірі полотнолар сыйған. Ал Камолиддин Бехзод адамның рухын, көңіл күйін терең бейнелейтін Шығыс, соның ішінде Мауароуннахр және Хорасан миниатюра өнері мектебіне негіз қалаған.



Әмудариядан оқтұстікке қарай созылып жатқан аумақ ертеде Хорасан деп аталған.



Батыс Ояну кезеңі алғашында XIV – XV ғасырларда Италияда басталып, кейінірек бүкіл Еуропага жаіылған. Ояну кезеңі дегенде, орта ғасырлардағы діни қарама-қайшылық билік еткен кезеңнен ағартушылық көзқарастар қүшейген жаңа кезеңге қадам басуды түсінеміз. Бұл кезең Шығыста біршама ертерек – IX ғасырда басталып, XV ғасырга дейін созылған.

Еліміздің топырағында материалдық байлықтармен қатар рухани байлықтар да мол. Оның әрбір сүйем жерінен ежелгі өркениетке қатысы бар құнды жәдігерліктерді тауып алуға болады. Олардың дені ЮНЕСКО-ның арнаулы есебіне енгізілуі де осыны дәлелдейді. Ержеткен соң дүниенің ең беделді мұражайларын аралаган кездерінде, Өзбекстанға тиесілі көптеген құнды

жәдігерліктерге кез болатының сөзсіз, әрине. Олардың барлығы да біздің қаншалықты үлкен рухани байлыққа мұрагер екендігімізді білдіреді. Бұларды көзге көрініп тұрған байлықтар десек те, бір қарағанда көзге байқалмайтын, өз адамдарымызға ғана тән ұлы қасиеттер, олардың бай ішкі дүниесі, қайталанбас түйсік-сезімдер ше?

Егер өзендердің қалай пайда болатынына назар аударсан, тау-лардағы мәңгілік мұздықтардан бастау алған бұлақтар жылғаларға, жылғалар сай суларына қосылып, өзендерге айналатынын байқайсын. Олар өз жолында қаншама тастар мен шөптерді, тұздар мен минералдарды шайып, өз бойына дарытады да, жердің тамырына өмір нәрін құяды.

Руханиятты да осындай өзенге теңеуге болады. Ол да ғасырлар қойнауынан өмірлік тәжірибелерді, миллиондаған адамдарға тән білімдер мен ерекшеліктерді, түйсік-сезімдерді өзімен бірге алып келеді. Бейне өзеннің сүы жер тамырларына өмір нәрін құйғандай, ол да адамдар мен халықтар өміріне мән мен мағына, сапа мен сипат береді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұлы ғұламалар мұрасына арналып Самарқантта өткізілген халықаралық конференцияның күндерін айт.
2. Мырза Ұлықбек ғалымдық мәртебенің өте ұлы мәртебе екенін қашан білген?
3. Мына қалалардың арасынан Әлішер Науай ескерткіші орнастылған қалаларды көрсет.



Баку



Токио



Париж



Нью-Йорк

4. Рухани байлығы күшті адамды руханиятсыз адамнан қалай айыруға болады?
5. Неліктен руханиятты өзенге тенейміз?

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Қадірлі оқушы, адам баласы өзіне жақын, шын жүректен ұнатқан адамдарды айырылmas дос, жанашыр туысқан деп санайтындығы сиякты әлемдегі халықтар да өмірінің мәні мен мазмұнына айналып кеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді, мейрамдарды, тіл, дін, әдебиет және мәдениет үлгілерін құндылық деп санайды.



«Құндылық» сөзі сан ғасырлардан бері адамзат тарапынан қадірленіп, прогрессе қызмет етіп келе жатқан әдет, дәстүр, рәсім деген мағынаны білдіреді.

Әрбір халықтың ұлттық құндылықтары оның өздігінің рәмізі болып саналады. Соның ішінде біздің тамаша ұлттық құндылықтарымыз да. Мәселен, Наурыз мейрамын алайық. Бұл мейрам халқымыздың отырықты өмірі басталған ерте замандардан бері сақталып келе жатыр.



«Барлығымыз әрқашан зарығып күтетін әрі барынша көтерінкі көңіл күймен, шаттықпен атап өтетін Наурыз мейрамы біз үшін өмірдің мәңгілігінің, табиғаттың шексіз құдіреті мен жомарттығының, сан мың жылдық ұлттық сипатымыздың, ғажайып әдет-ғұрыптарымыздың қайталаңбас бейнесі болып келеді»¹.



«Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда жаңа күн деген мағынаны білдіреді.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 35-бет.



Ұлттық бақтағы Наурыз мерекесі.

Бұрынғы кенестік жүйе кезінде басқа да құндылықтарымыз қатарында Наурызға да тыйым салынды. Сол заманда кейбір басшылардың «зиянды», «діни сарқыншақ» дейтін орынсыз айыптаулармен Наурызға қарсы күресіп, сумалак толы қазандарды аударып тастағаны және басқа осыған ұқсас әр түрлі жағымсыз қылықтарды жүзеге асырғаны жөнінде саған аға ұрпақтың өкілдері көп нәрселер айтып бере алады.

Бұл сөздер сен сияқты бүгінгі жастар үшін аныз әңгіме болып көрінуі де мүмкін. Бірақ осыдан 30-35 жыл бұрын нақ осындај жағдайлар халқымыз үшін үйреншікті істерге айналған болатын. Тек тәуелсіздік қана бүндай келенсіз оқиғалардың тамырына балта шапты. Наурыз мейрамы ешқашан да нақ қазіргідей салтанатпен, еліміздегі 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің, шетелдік қонақтар мен елшілердің катысуымен мерекеленген емес.

Жыл сайын мемлекетіміздің астанасындағы Өзбекстан Ұлттық бағында өтетін Наурыз мейрамына арналған салтанатты

рәсім жасанды жер серігі арқылы өлемнің көптеген елдеріне көрсетіліп жатыр.



Біріккен Ұлттар Ұйымы 2010 жылы 21 наурыз қунін Халықаралық Наурыз күні деп жариялады, бүгінгі таңда бұл мейрам әлемдік шенберде кеңінен мерекеленіп келеді.

Халық өмірінде сондай жарқын құндылықтар да бар, олар ұлттың өзімен бірге қалыптасады және оның негізгі ұлттық белгілерінің біріне айналады. Тіл – әрбір ұлттың осындай баға жетпес байлығы. Өзбек тілі де ұлттымызбен мындаған жылдар бойы біте қайнасып, қалыптасып келген. Тарихта халық басына қандай ауыр күндер туған болса, тіліміз де соның бәрін бастан өткерген. Басқыншылар елімізге баса-көктеп кіріп, жерімізді жаулап алған кезеңдерде негізгі ұлттық байлық болып саналатын тілімізге де тыйым салып, кемсіткен. Қанқұйлы дүшпан өз жерімізде ана тілімізде емін-еркін сейлесуге жол бермеген. Халқымыз еркін, азат болып, өз жері мен өз тағдырына ие болған кездерде тіліміз де өз қадірін тіктеп, байып, дамып отырған. Мысалы, араб және монгол шапқыншылығынан кейін өзбек тілінің қофамдық беделі тәмендеп кеткен болатын. Темурилер мемлекеттің заманында халқымыздың абыройы асқақтап, қадір-құрметі еселенген сайын тіліміз де тіктеліп, абырой-маңызы арта тұсті.



**Бұхара. Бахауддин
Нақшбанд ескерткіші.**

Бұндай жағдайды ұлттық руханиятының тағы бір маңызды белгісі болып табылатын қайталанбас сөulet ескерткіштерінің бұрынғы кеңестік заман түсінда қаншалықты ойран болғанынан да көруге болады. Елімізде кеңес билеген заманда

мешіттер мен медреселер бұзылып, аман қалғандары қойма, дүкен, жүйке аурулары ауруханасы сиякты нысандарға айналдырылды. Әулие-әнбиelerіміздің қабір-молалары аяқасты болып, аяусыз тапталды. Олардың аты-жөндері мен мәңгілік мұрасы халықтан жасырылды. Ал бүгінгі таңда олардың бәрі де көріктендіріліп, елімізден және әлемнің түрлі түкпірлерінен келіп жатқан мыңдаған туристер үшін көрікті зиярат орындарына айналдырылды. Имам Бұхари, Имам Мотуриди, Бахауддин Нақшбанд ескерткіш кешендері солардың катарына жатады.

Бүгінде еліміздің қай жерінде болсаныз да, ұлы бабалары-мыздың сүйектері жатқан қасиетті зиярат орындарын, ғажайып сәүлетке бөленген кесенелерді, жайқалған жасыл бақтарды, еске алу саябақтарын, заманалық лицейлер мен колледждерді, данғыл көшелерді көресіз. Адамдар өз тілдерінде емін-еркін сөйлеседі, ұлттық мейрамдарымызды барша бірге тойлайды, діни мерекелер мен рәсімдерге еркін барып, керекті жол-жоралғыларды орын-дайды. Отандастарымыздың жыл сайын қасиетті Қафбага – қажылышың және умра сапарларына, дүниенің басқа да мемлекеттеріне білім алуға, жұмыс істеуге, сауда-саттық жасауға, саяхатқа және демалуға барып-келіп жатқанын жақсы білеміз.

Бұрынғы кеңестік жүйенің Сталин басқарған кезеңінде колхозшыларға, яғни ауыл тұрғындарының басым көпшілігіне шетелге шығу былай тұрсын, тіпті қалаға баруға да рұқсат берілмейтін, олардың қолдарында төлкүжаттары да жоқ еді. Ол замандарда халқымыздың негізгі бөлігі ауылдар мен қыстактарда жасағын және колхоздарға мүше болуға мәжбүр болғандарын, жанжақты қанауда өмір сүргенін көз алдыңызға елестетіп көрініз. Себебі зандар мен ұлттық құндылықтар жұмыс істемейтін өмір салты зорлық пен зомбылыққа көзсіз бас июден, мағынасыз өмір сүруден тұратын еді.

Ұлттық құндылықтар адамның қадір-құрметі мен ұлттық мақтанышын арттырады, өміріне мән мен мазмұн береді. Бұл сөздердің түп төркіні қадір сөзінен алынғаны да тегін емес.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Құндылық дегенді қалай түсінуге болады?
2. Ұлттық құндылықтардың мағынасын түсіндіріп бер.
3. Ұлттық құндылықтар қандай жағдайларда дамиды?
4. Сен ұлттық құндылықтарымыздың қайсысын ұнатасың?
5. Бұрынғы кеңес заманында ұлттық құндылықтарымыз неліктен аяқасты болды?
6. Мына суреттегі балалар қандай жаттығулармен айналысып жатқанын айт.



«Жоғары руханият – жеңілмес күш» тақырыбындағы практикалық сабакқа арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 18–20-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Әлішер Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының баспасы, 2010 жыл, 108–112-беттер.
3. Milliy istiqlol g'oyasi: asosiy tushunchalar, tamoyillar va atamalar. Ташкент, «Яңғы аср авлоди» баспасы, 2002 жыл, 72–73-беттер.
4. Ma'naviy yuksalish yo'lida. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2008 жыл, 16–18-беттер.
5. А.Ибрахимов. Yorug'lug'. Ташкент, «O'zbekiston milliy ensiklopediyasi» мемлекеттік ғылыми баспасы, 2006 жыл, 235–238-беттер.



ЖАЛПЫАДАМИЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кадірлі окушы, ұлттық құндылықтардың дамуында және жаңаша мән-мағынамен байи түсінде олардың жалпыадамилық құндылықтармен үндесіп отыруы өте маңызды.



Бұкіл адамзаттың өмірі үшін қадірлі әрі маңызды болып табылатын құндылықтар жалпыадамилық құндылықтар деп аталады.

Егер біз ұлттық құндылықтарымыздың маңызына тереңірек үнілетін болсақ, олар сонау заманнан бері басқа халықтармен тұрақты байланыстар жасаудың нәтижесінде анағұрлым байып, жетіле түскенін байқаймыз. Әсіреке Ұлы жібек жолын бойлап сауда керуендері үздіксіз қатынап тұрган кезеңдерде атабабаларымыз түрлі халықтардың мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін, алға басу саласындағы жетістіктерін ұтымды пайдаланған. Сондықтан да ежелгі топырағымызда зардуштилік (зороастризм), буддизм, насронилік (христиандық) және ислам мәдениеттеріне тиесілі жәдігерліктер, қолөнершілік заттары жиі кездеседі. Бұлар көне өлкемізде етек жайған ұлы өркениеттің нәтижелері, халқымыздың басқа ұлт және ұлыстармен, дін өкілдерімен ынтымақтасып өмір сүргенінің іс жүзіндік айғағы десек жаңылыспаймыз. Олардың барлығы да біз үшін ерекше қадірлі.



*Зардуштилік, яғни зороастризм — отқа табынуды на-
сихаттайтын, Зардушт есімді тұлға негізін қалаған отқа
табынуышылық ілімі.*

Буддизм — халық арасында «Будда» — «шындықтың демеушісі» деп аталатын шаһзада Гайтама негіз салған діни-философиялық ілім.

Насронилік — христиан діні мен ілімі дегенді білдіреді.



«Ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы осынау ұланбайтақ аймақта қандай ынтымақпен, қандай құндылықтармен өмір сүріп келген болса, бүгін де, егер қателеспесем, тарих пен өмірдің астасуы, табиғаттың өзі бізді – бүкіл Орта Азия халықтарын нақ сондай достық пен ынтымақтастық рухында өмір сүруге жігерлендіріп отыр»¹.

Әрбір ұлттық құндылықтың төркінінде жалпыадамилық мұраттар, арман-ұмтылыстар шоғырланып жатады. Мысалы, табиғатқа мейір, туған топырақтың жемістерінен ләzzат алу, оларды абайлап сақтау, көктемді, шуағы мол жарық құндерді шаттана қарсы алу әлемдегі барлық халықтардың өмірінде айрықша орын иелейді. Олар Наурыз мейрамының мазмұн-мағынасына да терең бойлаған. Сол себепті бұл мерекеміз әлемдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдерінде үлкен қызығу оятады.

Сонымен қатар тек біздің халқымызға фана тән ерекше құндылықтар да бар. Олар қайталанбас ұлттық бейнемізді сипаттау бойынша сан ғасырларлардан бері ең маңызды ерекшелік болып келеді.



«Мысал үшін тіліміздегі мейір-шапағат, мейір-махабbat, мейір-сүйіспеншілік, қадір-құрмет дейтін, бірін-бірі терең мағына-мазмұнмен байытып, толықтыратын тіркестерді ала-йық. Қашшалықты оғаш естілгенімен, бұндай тіркестерді басқа тілдерге нақты балама тауып аударудың өзі мүшкіл»².

¹ Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 10-бет.

² Сол шығарма, 8-бет.

Бұғінгі таңда бейбітшілікті сақтау, әлем халықтарының да-мұы мен әл-ауқатын арттыру жолындағы ынтымақтастық, өзара достық пен ұйымшылдық, ғаламшарымызды аман сақтау, әрбір адамның, халық пен ұлттың құқықтарын құрметтеу, халықара-лық мәдени конференциялар, спорт жарыстары ең маңызды жалпыадамилық құндылықтарға айналып барады.

Біздің елімізде өткізіліп келе жатқан «Шарқ тароналари» ха-лықаралық музыка фестивалі, итальян операсына арналған фес-тиваль, халықаралық фотобиеналлелер, түрлі ғылыми-практика-лық конференциялар мен спорт жарыстары халқымыздың бұғінгі таңда да жалпыадамилық құндылықтардың дамуына еселі үлес қосып отырғанын дәлелдейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Төмендегі суреттерде ұлттық және жалпыадамилық құндылық-тар қалай бейнеленген?



1



2



3



4

2. Қайсы сөздерді басқа тілдерге аудару қынға соғады? Неліктен?
3. Құлакқа жағымды шетел музыкасын тыңдаған кезде аударма-шы керек пе?
4. Әлемдік жазғы олимпиада ойындары жалпыадамилық құнды-лықтар қатарына жата ма?
5. «Сумалак» сөзінің мағынасын ұлкендерден сұрап біліп ал.
6. Наурыздың бірінші қуні қайсы айдың қайсы қунінен басталады?

«Наурыз сейілі» тақырыбындағы практикалық сабакқа арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 35-бет.

2. O'zbekiston milliy ensiklopediyasi, 6-том. Ташкент, «O'zbekiston milliy ensiklopediyasi» мемлекеттік ғылыми баспасы, 2003 жыл, 237–238-беттер.

БІЗ – ӨЗБЕКСТАН АЗАМАТЫМЫЗ

Қадірлі окушы, сен еш көніл бөлгесің бе, ата-анаң немесе жақын туыстарың шетелге баруға ниеттенген болса, өзімен бірге міндетті түрде төлкүжатын алады. Бұның себебі сол, төлкүжат – әрбір адамның азаматтығын қуәландыратын бірден-бір құжат. Ал адамның азаматтығы дегеніміз – оның қай мемлекетке немесе халыққа тиістілігін, сол мемлекеттің қорғауында екенін, өз еліне лайықты болуға міндеттілігін білдіреді. Сол себепті өз мемлекетінің азаматы болу адамға үлкен мақтаныш және құш-жігер береді.



«Азаматтық» сөзі латын тілінен аударғанда, құқықтық түрғыдан белгілі бір елге тиесілі, тәндік дегенді білдіреді.

Ертеде бұқара сөзі «табын, бодан, пақыр» деген сөздермен қоса қолданылған. Ата-бабаларымыз өздері жөнінде сөз қозғалғанда, аса кішіпейілдік танытып, «пақырлық еттік», «пақырыңызды кешіргейсіз», «пақырлық болды, білмей қалдық» деген сияқты тіркестерді жиі қолданған. Бұндай сөздерде өзін өзгелердің алдында борыштымын деп санау мағынасы басым.

Біз – Өзбекстан мемлекетіне тиесіліміз, әр кез осы сөздерді айтқанымызда, кеудемізді қуаныш, мақтаныш сезімдері кернейді. Өйткені бұдан бұрынғы сабактарда айтқанымыздай, Өзбекстан – әлемде еш теңдесі жоқ әсем әрі қайталанбас мемлекет. Бұндай Отанда туылу, оның баға жетпес өнімдерін пайдаланып, ләzzат алу – өзгелерге бұйыра бермейтін үлкен игілік болып табылады.



Өзбекстан азаматтарының құқықтары мен борыштартыры еліміздің Конституциясында, Азаматтық кодексі мен басқа да заң құжаттарында белгіленген.



Азаматтық сезім Отанымыздың перзенттерін бірлестіреді, ынтымақшыл, ұйымшыл етеді. Бұндай ұйымшылдықтың маңыздылығын Елбасымыз Ислам Каримов айрықша атап көрсетеді.

«Елімізде өмір сүріп жатқан әрбір адам өзін ең алдымен Өзбекстан азаматтымын деп, содан кейін ғана белгілі бір аумақтың өкілімін, айталық, хорезмдікпін, самарқандтықпын немесе Ферғана аңғарының перзентімін деп сезінуге тиіс. Әрине, бұл жағдай әрқайсысымыз тиесілі болған «шагын отанның», туылып-өскен қаланың немесе қыстақтың қадірі мен маңызын төмендете алмайтыны заңды. Бірақ, мынаны есте сақтаған жөн, шектен тыс әсіреленген жергілікті патриотизм ұлттың, халықтың бірлесуіне бөгет болады.

Біз Отан сезімін нақ осындаі тұтас күйінде, яғни әлемде бірыңғай өзбек ұлты бар, хорезмдік, ферғаналық, сұрхандариялық ортасында ешқандай ұлттық айырмашылық жоқ, олардың барлығы да өзбек халқының перзенті деп ұғынуға, жас үрпақты нақ сол рухта тәрбиелеуге тиіспіз»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 90–91-беттер.

Өзінің азаматтық борышын терең сезінетін адам мемлекет зандарына қатаң мойынсұнады, зандардың әрбір бабынан халықтың ерік-жігерін көреді. Сол себепті шынайы азаматтық сезіммен өмір сүрген адам өз халқы мен Отанының атына кір келтіретін келенсіздіктерге шыдап тұра алмайды.

Азамат сөзі Отанның нағыз перзенті, жанқияр тұлға мағыналарын да білдіреді. Адамзат тарихында өзінің азаматтық борышын өмірінің мән-мағынасы деп түсінген, Отанға лайықты болу жолында ерлік пен қаһармандық көрсеткен тұлғалар өте көп.

Сен ержүрек француз қызы Жанна д' Арк жөнінде кітаптар оқып, фильмдер көрген шығарсын. Оны «орлеандық қыз» деп те атайды. Осынау жас қызы Орлеан қаласын ағылшындардан аластап, тактан тайдырылған француз королін өз орнына қайта қоюға үйірады. Оның жүрегінде қайнаған азаматтық және патриоттық сезім осы ерлікке жігерлендіреді. Ол жанына ағаларын қосып алып, өзіне берілген адамдарды бастап жауыз дұшпан-ғарсы аяусыз шайқасады, ақыры Орлеан қаласын жаудан азат етеді.

Ержүрек қыздың халық арасындағы абыройы артып бара жатқанынан сескенген жау өскербасылары мен дін өкілдері оны жәдігөй ретінде айыптаپ, шіркеу сотына береді. Діндарлар өжет қызды тірідей өртейді.

Жанна д' Арктің ұлы ерлігі сен жақсы білетін Тұмаристің ерлігіне үқсайды.

Массагеттер тайпасының қосемі болған Тұмарис Иран шаһы Кирдің қосынына қарсы шайқасады. Кир ашық соғысуға жүрексініп, айла қолданады. Ол Тұмаристың ұлына шарап беріп, мас қылады да, тұтқынға алады. Бұдан кектенген Тұмарис жауды ашық айқасқа шақырады. Қантөгіс шайқаста Тұмарис жау өскерінің тас-талқанын шығарады.

Бұндай мысалдар ұлтына, тілі мен дініне қарамай, дүниедегі барлық адамдардың қасиетті сезімдері өзара үқсас екенін білдіреді.



Мемлекет азаматтардың құқықтарын, өмірінің қасиеттілігін қамтамасыз етуді өз міндеттіне алады. Сонымен қатар азаматтар да мемлекетке қызмет ету, оның тәуелсіздігін, материалдық және рухани байлықтарын қорғау бойынша тиісті міндеттемелерге ие болады.



Тек өзінің мүддесін немесе өзі тиесілі топ пен тайпаның мүддесін емес, халқының, Отанының мүддесін көздең өмір сүретін азамат – саналы азамат болып табылады.

Бұгінгі танда біз орнатып жатқан құқықтық демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам ең алдымен саналы азаматтарға сүйенеді. Саналы азамат өз күші мен мүмкіндіктеріне сүйеніп әрекет жасайды. Бұл денгейге жету үшін әрбір адам жастайынан-ақ көп оқуға, көп ізденуге, ерік-жігерін тәрбиелеуге тиісті. Мысалы, есейіп, елімізде болатын сайлауларға катыссан, қоғамдық жұмыстарға белсене ат салыссан, заның талаптарын бұлжытпай орындасан, саналы азаматтық қасиеттерінді паш ете аласын.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Азаматтық сезім дегенде нені түсінесін?
2. Азаматтық сезіммен өмір сүріп, қаһармандық үлгілерін көрсеткен қандай адамдарды білесін?
3. Біз орнатып жатқан қоғам неліктен саналы азаматтарға сүйенеді?
4. Саналы азамат болу үшін не істеу керек?

5. Мына суреттерде бейнеленген адамдардың қайсысын саналы азamat деуге болады?



1



2



3



4

«Отан сәжде орнындағы қасиетті» тақырыбындағы практикалық сабакқа арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 90–91-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Әлішер Назарбаевыңдағы Өзбекстан Үлттүк кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 6–12-беттер.
3. А.Ибрахимов. Yorug‘lug’. Ташкент, «O‘zbekiston milliy ensiklopediyasi» мемлекеттік ғылыми баспасы, 2006 жыл, 91–95-беттер.
4. Ma’naviy yuksalish yo‘lida. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2008 жыл, 104–120-беттер.



ПАТРИОТИЗМ

Кадірлі окушы, әрбір адам өзінің туған жеріне деген сүйіс-пеншілігі мен адалдығын түрліше бейнелейді. Біреу жанқиярлық-пен еңбек етіп, Отанының материалдық және рухани байлығын арттырады. Екінші біреу Отан шекараларында құні-тұні сергек те қырағы күзетте тұрып, оның қасиетті топырағының әрбір сүйемін қөзінің қарашығындай қорғайды. Бұлардың барлығы да – патриотизм, яғни отаншылдық деп аталатын аса қастерлі де құнды сезімнің іс жүзінде көрінуі. Адам баласы өз елінің уа-йым-тәшпішімен, қуаныш-шаттығымен тыныстап, соның күйін күйттесе, тіпті Отаны үшін жанын да пида етуге дайын болса, патриотизм қарапайым сезім болып қана қалмай, жоғары адамгершілік қасиетке айналады.



Өз елін сю, оған адал қызмет ету, оның тәуелсіздігі, бейбітшілігі және ғұлденуі жолында жанқиярлық, көрсетіп өмір сұру – патриотизм немесе отаншылдық деп аталады.



Нағыз патриот перзенттер өз Отанын әлемге танытады. Осындай нағыз патриоттардың арқасында Отан топырағы ғазиз де қасиетті болады.

Өзің-ақ ойлап көрші, Айда және басқа бірқатар ғаламшарларда да топырақ бар. Бірақ адам баласы жасамағандықтан әрі қазірше ешкім отан деп санамағандықтан, ол жерлерді ғазиз де қасиетті деп айта алмаймыз.



Отаншылдық Отан сезімін түйсінуден басталады. Бұл сезім адамды Отан мұдделері жолында ерлік пен қаһармандық үлгілерін көрсетіп өмір сұруге үндейді.

Әлемде Отанының азаттығын, гүлденіп-дамуын өз өмірінің мән-мағынасы деп санайтын тұлғалар көп болған. Нақ сондай тұлғалардың арқасында Отан сезімі, патриоттық қасиет адамзаттың өмірінде ең ұлы құндылықтардың бірі болып келеді.

Америка Құрама Штаттарының тұнғыш Президенті Джордж Вашингтон XIII ғасырда Солтүстік Америкадағы азаттық қозғалыстарына басшылық етті. Ол кездерде Америка Еуропадағы ірі мемлекеттермен салыстырғанда едөүір артта қалған ел болатын. Бұл жерде тұрақты армия әлі қалыптаспаған-тұғын. Сондай қынқыстау кезенде жан-жақты қаруланған Англия армиясына қарсы құрес жүргізу онай болған жоқ. Бірақ Отан азаттығы мен тәуелсіздігін қасиетті деп санаған Джордж Вашингтон құрделі міндепті жүзеге асыруға бел байлап, азаттық қозғалысына басшылықты қолға алады. Жау сан жағынан да, әскери қамсыздандырылу жағынан да бірнеше есе басым болуына қарамастан, Джордж Вашингтон басқарған патриоттық құштер ақыр сонында женіп шығады. Осылайша 1782 жылы Англия АҚШ-тың тәуелсіздігін мойындағы.

Отаншылдық саласында біздің ұлы бабаларымыз да жан-жақты өнеге алуға тұрарлық мұра қалдырған.

Мәселен, батыр атамыз Жалолиддин Мангуберді монгол басыншыларына қарсы он екі жыл бойы қажырлы құрес жүргізеді. Жау елімізге тұтқылдан бастырып кіргенде Жалолиддин жиырма жастағы қылышылдаған жас жігіт еді. Оның әкесі Алауддин Мұхаммед Хорезмшах ұзакты болжай алмағандығы үшін мемлекеттің әскери құдіреті нашарлап, құштер бөлшектеніп кетеді де, осының салдарынан оның жасағы женіліске ұшырайды. Шахтың өзі Каспий теңізіндегі аралдардың біріне барып, бой тасалауға мәжбүр болады.

Қантөгіс шайқастарға қатыса алмайтындығын сезінген Хорезмшах тұнғыш ұлы Жалолиддинді өзінің орнына тақ мұрагері етіп тағайындаиды. Ержүрек Мангуберді өзінің інілерін ертіп, 70 шакты атты әскерімен жау қоршауында жатқан Хорезмнің ежелгі астанасы – көне Гурганжге кіріп келеді. Оны көрген халықтың рухы көтеріледі. Жалолиддин Гурганж бен Хорасан ортасындағы

шөлде өзінің 70 шақты өскерімен жаудың 700 адамдық қосынына бетпе-бет келеді және оларды тасталқан етіп, қазіргі Ауғанстан аумағындағы Газни қаласына қарай шегінеді. Шыңғысхан оның артынан 45 мың адамдық қосын аттандырады. Жалолиддиннің қатарына да ерікті патриот жігіттер келіп қосылады. Парвон деген жерде екі жақтың өскерлері қактығысқан қантөгіс шайқас болады. Жалолиддиннің өскери өзінен бірнеше есе көп әрі жақсы қаруланған монгол қосынының тозтозын шығарады.

Осыдан кейін Шыңғысхан жеңілуді білмейтін қолбасшымен тікелей өзі шайқасуға ниеттенеді. Синд, яғни Үнді өзені бойындағы Жанг деген атпен тарихта қалған бұл шайқас 1221 жылғы 24 қарашада болады. Шыңғысхан жер қайысқан қалың қолды бастап, жер мен көкті шаң-тозанға бекітіріп, құйындаш шапқылап келе жатады. Жас қолбасшы өзін жинақы ұстап, шайқасқа жасқанбай кіреді. Жау оның сол және он қанатын жарып өтеді. Жалолиддин бар-жоғы 70 шақты іріктелген жауынгерімен ортада қалып қояды. Ол торға түскен арыстанша бірде онға, бірде солға атылып, жау өскерін баудай түсіреді. Оның айналасын қоршап алған монголдар қыспакты барған сайын тарылта береді.

Аңыздарға қарағанда, сол сәтте ержүрек Мауароуннахр перзентінің сағын сындыру үшін Шыңғысхан оның 7–8 жастағы ұлын ұстап алып, көз алдында өлтіреді. Жалолиддин жау қолына тұтқынға түспеу үшін соңғы сәттерде жанұясының алдына келіп,



**Ургеніштегі Жалолиддин
Мангуберді ескерткіші**

перзенттерімен қоштасады да, анталап келіп қалған жау әскерлеріне тұра ұмтылып, оларды кері шегінуге мәжбүр етеді. Сосын ақ көбіктене буырқанып жатқан асау өзенге ат-матымен секіреді. Мықты ат жал-жал толқындарды кесе жүзіп, арғы бетке желдей есіп өте шығады. Жағалауға келіп қалған Шыңғысхан батырдың мына қажыр-қайратына еріксіз таңғалып, өз ұлдарына қарап: «Назыз ұл осындай болуы керек», – дейді...

Жалолиддин Мангубердіге бүншалықты құш-жігер мен көзсіз ерлік берген құдірет – Отан сезімі, туған жерге деген сүйіспеншілік, халықтың оған деген сенімі еді. Он екі жылдық өмірін ұдайы қантөгіспен өткізген осынау ұлы қолбасшы соңғы деміне дейін елі мен аntyна адалдық танытты. Оның азаттық жолындағы күресі аныздарға толы, ал қастерлі есімі ерлік пен батырлық символына айналды. Елімізде «Жалолиддин Мангуберді» орденінің белгіленуі де сондықтан. Бұғінде жоғары патриоттық қасиеттерімен ел-жүрттың құрметіне бөлengen жерлестеріміз осы орденмен марапатталады.

1999 жылы елімізде Жалолиддин Мангубердінің 800 жылдық мерейтойы кең мерекеленді. Хорезм облысының орталығы – Үргеніш қаласында батырдың сәулетті ескерткіші орнатылды.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Отаншылдық адамның қандай қасиеттерінен көрінеді?
2. Патриотизм сезімі қашан қасиетке айналады?
3. Бұл сезімді қалай тәрбиелеуге болады?
4. Ұлы патриот бабаларымыз туралы әнгімелे.
5. Мына суреттерден қайсы ұлы бабаларымыздың бейнелерін көріп тұрсын?



1



2



3



4

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЖАНҚИЯР ПЕРЗЕНТТЕРИ

Адамның бойында рухани ерлік сезімі де болады. Нәк осы сезім оның бүкіл болмысына қозғау салып, қаһармандыққа жігерлендіреді.

«Біздің халқымыз ұдайы рухани ерлік сезімімен өмір сүрген және бұл сезім оның өмірінде жылдар, ғасырлар откен сайын қүшейіп, кемелденіп барады»¹.

Еліміздің бүгінгі жанқияр, қаһарман перзенттері жөнінде көп айтуға және мысалдар келтіруге болады. Өйткені халқымыздың ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізуінің өзі рухани ерліктің өнімі болғандығы сияқты, тәуелсіздік жылдарындағы барша жетістіктеріміз бен иелеген межелеріміз де осындай ұлы қасиеттердің нәтижесі деуге толық негіз бар.

Бұл айтылғандардан мынадай қорытынды шаруфа болады, мемлекет басшысының патриоттық қасиеттері халық үшін, ұлт үшін тек өнеге мектебі фана емес, сонымен қатар көзделген игі мақсатқа жетудің шешуші факторы да.

Бүгінгі танда халқымыз арасынан мындаған отанышыл жастар жетіліп шыфуда. Әсіресе мемлекет шекараларын лаңқестік топтардан қорғау жолында ерлік пен батырлық үлгілерін көрсетіп, қаһармандықпен қаза тапқан боздақтардың жанқиярлықтарын



¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 169-бет.

ел-жұрты ешқашан ұмытпайды. Бұл ерлік еліміздің жастары ата-бабаларының отаншылдық дәстүрлеріне адалдық танытып, ойдағыдай жалғастырып жатқанын, туған ел, оның бейбіт те алаңсыз өмірі бүгінгі жалынды ұрпақ үшін де аса қастерлі құндылыққа айналғанын көрсетті. Махмуджан Жалилов, Алишер Салимов, Бабуржан Фаниев, Сайер Садинов, Faфуржан Ражабов, Маруфжан Ражабов, Еламан Атажанов, Абдухалим Ташқұлов, Юнус Ахунов, Ұлықбек Барноев, Данияр Тәжібаев және Қахрамон Мадалимов тәрізді жас жауынгерлер мен офицерлердің есімдері Отанды қорғау жолында жандарын пида еткен қаһарман аталарының қатарынан орын алды. Бұл жігіттердің басым көпшілігі әлі өмір қызығына тоймаған, дүниелік ләззаттарды татып көрмеген боздақтар болатын. Дегенмен олар ел тәуелсіздігін, халық тыныштығын барлық нәрседен де жоғары қойып, өздерін осынау игі мақсат жолында құрбан етті.

Лейтенант Бабур Фаниевтің анасы Мунаввар апайдың Отан қорғау жолында қаза тапқан ұлы жөнінде айтқан сөздері перзенттерінен бейmezгіл айырылған ата-аналардың жүргіндегі қасиетті топырағымызға деген сүйіспеншіліктің жарқын айғағы болды.



«Ұлымның өмірі зая кетпеді. Мен оған берген ақ сүтіме ризамын. Өйткені балам көше-көшеде бұзақылық жасап, біреулермен жұдырықтасып көз жұмған жоқ. Ол Отанын, халқын қорғау жолында жанын пида етті»¹.



¹ «Отан жанкиярлары». –Т.: «Маңнавият», 2000 жыл, 10–11-беттер.

Қазіргі уақытта ғылым мен білім, мәдениет пен спорт салалары бойынша беделді жарыстарға, байқау-конкурстарға, фестивальдарға ойдағыдан қатысып, еліміздің туын өуелете желбіреткен жастар да – шынайы патриоттар. Сондай-ақ окуда, жұмыста, әскери қызметте, жанұя құруда өзгелерге өрнек болып жүрген жастарды да отаншылдар қатарына қосуға болады.

 **«Күн сайын, сағат сайын жанқияр болу, өзін соңғы тамшысы мен соңғы түйіршігіне дейін ұлы мақсаттарға қарай қажымай, талмай жұмылдырып отыру, бұндай қасиеттерді тұрақтандырып, қунделікті қызмет өлшеміне айналдыру – түптен келгенде, нағыз қаһармандық деген осы»¹.**

Отаншылдық сезімін тәрбиелеуде көп оқу, ауыл және махалла өміріне белсене қатысу, адамдар ортасында болу, олардың өзара қарым-қатынасын үйрену елеулі орын иелейді. Себебі адам баласы осылар арқылы өз елін бұрынғыдан да жақсырақ біле алады, оған деген сүйіспеншілігі арта түседі. Сонымен қатар саяхатқа шығу, Отанның қалалары мен ауыл-қыстақтарын аралап, тамашалау да адамға сан алуан әсер береді, жүргегіне сұлұлыққа сүйсіну сезімін дарытады, дүниетанымын кеңейтеді. Халқымыз: «Жүрген – дария, отырған – бойра», – деп текке айтпаған. Өзің-ақ ойлап көр, жарты метрлік қамыс төсөніш – бойра кайда, ал қаншама қалалар мен далаларды, ойпаттар мен жазықтарды аралап, тоқтамай ағып өтетін дария қайда! Эрине, дария сынды тулай тасып, буырқана өмір сұру кез келген адамның мәртебесін биікке көтерері ақықат.

 **«Тұған елге, тұған жерге адалдық танытып, кімнің ұрпагы екенін бір сәтке де естен шығармайтын, өмірде анық мақсат пен сенім жүгін арқалап жасайтын әскери адам – Қарулы Күштеріміздің ең сенімді тірегі, сүйеніші, байлығы десек, еш қателеспейтін шығармыз»².**

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 165-бет.

² **Ислам Каримов.** Vatanga qasamyod, mardlik va jasorat madhiyasi. –Т.: «Узбекистон» баспасы, 2010 жыл, 6-бет.

Патриотизм адамды қаншалықты биікке көтерсе, Отанға қиянат жасау соншалықты қор, соншалықты зар етеді. Отанға қиянат — әкеге, анаға қиянат жасаумен пара-пар. Дүние дүние болып жарапғалы бері, өз елі мен халқына қиянат жасаған адамның ісі онға басқанын әлі ешкім көрген емес.



Отан бар жерде патриотизм адамның ең жоғары қасиеттерінің бірі болып қала береді, сол абырайға лайықты перзенттер де өсіп, кәмелетке жете береді.

Отаншылдықты тәрбиелеу ісінде ең алдымен Отанның өзі ұлы ұстаз болып саналады. Оның жомарт топырағы, қайталанбас табиғаты, бірі екіншісінен де сұлу қалалары мен ауыл-қыстақтары, даңқты тарихы, бай мәдениеті, ар-намысы, еңбеккер, қарапайым және ақкөңіл адамдары, ата-бабалар естелігі, үрпақтар бақыты — барлығы қосылып адамды өзі туылып-өскен жерге байладап тұрады, сол топырақтың жанқияр әрі жанашып перзенті болуға үндейді.

Сүйікті Өзбекстанымыз — нақ осындай тенденсі жоқ өлкे. Расында да біз үшін оған лайықты перзент болудан артық бақыт та, игілік те жоқ.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Еліміздің бүгінгі таңдағы жанқияр перзенттері жөнінде сөз қозғалғанда, біз алдымен кімдерді тілге аламыз?
2. Суреттерге зер салып, түрлі салалардағы отаншыл жастар туралы әңгімелеп.



1



2



3



4

3. Эйгілі спортшы жастардан кімдерді білесін?
4. Сен өз сыныптастарың арасынан кімдерді нағыз патриоттар деп санайсын? Неліктен?
5. Сен келешекте кім болғың келеді және Отаның үшін қандай қызмет көрсетпексін?

ОТАНДЫ ҰЛЫҚТАУ

Кадірлі оқушы, Отан-анамыз дүниеге келген күнімізден бастап-ақ бізге бар мейірімін төгеді. Оның құшағында сау-саламат өсіп, кемелденуіміз үшін барлық жағдайлар мен қолайлылықтарды туғызады. Уақыт-сағаты жетіп, кемел азамат болғанымызды, Отан алдындағы борышымызды ұғынып, оған адал қызмет ету басты парызымыз берілген міндеттімізге айналады.



Жастар барлық замандарда да ұлттың сүйеніші, халықтың тірек болып келген.

Халықта «Жастар – Отанның келешегі» деген сөз бар. Өзінің келешегін ойлаған кез келген мемлекет, ең алдымен, жастар тәрбиесіне үлкен назар аударады. Жапония мемлекеті Екінші дүние-жүзілік соғыста жеңіліске ұшырап, үлкен зардап шеккен болатын. Оның Хиросима және Нагасаки дейтін қалаларына тасталған атом бомбасының қайғылы зардабы осы күнге дейін созылып, жергілікті халықты сан түрлі қасіретке душар етіп отыр. Осындай ауыр да күрделі жағдайға түсіп қалғанына қарамай, бұл мемлекет соғыстан кейін жастар тәрбиесіне айрықша көніл бөлді. Алғашқы кезекте білім беру жүйесі реформаланды. Осының нәтижесінде жастар ең заманалық білімдерге ие болып, өз елдерін әлемдегі алдыңғы қатарлы орындарға алып шықты. Миллиондаған патриот жастардың қүш-қайраты мен жанқиярлығы арқасында бүгінгі Жапония дүниедегі ең құдіретті мемлекеттердің біріне айналды.

Өз тарихымыздың өткен ғасырдың бас кезіндегі кезеңіне назар аударайықшы. Бұл кезеңде жүргегі мен санасы ағарту идеясына толған еліміз жастары токтаусыз прогресс мақсатын алға қойып, газеттер мен журналдар шығару, мектептер ашу, театrlар құру, қайырымдылық қоғамдарын ұйымдастыру сияқты ізгі жұ-



Абдулла Авлони.

мыстармен шұғылданған. Атап айтқанда, Махмұдқожа Бехбуди, Абдулхамид Чулпан, Абдулла Қадыри, Абдулла Авлони сынды отаншыл бабаларымыз алғашқы шығармаларын жазып, агартушылық қызметтерін бастаған кездерінде әлі жас жігіттер еді. Өкінішке орай бұрынғы кеңестік жүйе олардың жоғары адамгершілік ұмтылыстарына жол бере қоймады. Бұл тұлғалардың дені сол жауыз жүйенің құрбанына айналды. Десек те олардың өнегелі істері, ізгі дәстүрлері тәуелсіздік жылдарында қайта тіктеліп, жалғастырылып келеді. Мысалға алатын

болсақ, нақ сол бабаларымыз негізін қалаған ұлттық театр – бүгінгі Өзбек ұлттық академиялық драма театрының 100 жылдық мерейтойы 2014 жылы елімізде кеңінен мерекеленді.

Тарихтың осындай сабактарын ескере отырып, бүгінгі танда елімізде жастар тәрбиесіне айрықша назар аударылып келеді.



«Бұл жөнінде пікір өрбітетін болсақ, мен Абдулла Авлонидің «Тәрбие біз үшін не өмір – не өлім, не ізгілік – не апат, не игілік – не құрдым мәселесі болып табылады» деген терең мағыналы сөздерін еске аламын. Ұлы агартушы бабамыздың бұл сөздері өткен гасырдың бас кезінде ұлттымыз үшін қаншалықты маңызды, көкейкесті болса, қазіргі уақытта да біз үшін соншалықты, тіпті одан да маңызды әрі көкейкесті сипат алып отыр»¹.

Қазіргі танда еліміз, халқымыз алдында түрған жоғары мақсаттарға жету үшін мемлекетте жас ұрпақтың жан-жақты кемелденуіне қызмет ететін тиімді жүйе жасалған. Бұл жүйенің занды негізін 1997 жылы қабылданған Кадрлар дайындаудың ұлттық

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 62-бет.



Ағарту орталығы.

бағдарламасы, «Білім туралы» зан, 2004 жылы қабылданған Мектеп білімін өркендетудің мемлекеттік жалпыұлттық бағдарламасы, Елбасымыздың саламат ұрпақты тәрбиелеп өсіру мәселелеріне қатысты көптеген жарлықтары мен қаулылары, Министрлер Кабинетінің қаулылары, мемлекеттік бағдарламалар құрайды.

Кадрлар дайындаудың үлттық бағдарламасына орай елімізде түбірінен өзгерітілген жана білім беру жүйесі енгізілді. Бұл жүйе 12 жылдық міндетті білім беруді көздейді. Яғни еліміздің оқушы жастары алғашында 9 жыл бойы жалпыбілім мектептерінде оқиды, бұл басқышты аяқтаған соң үш жылдық орта арнаулы білім басқышында – өз қалауы мен қызығына қарай, академиялық лицейлерде немесе кәсіптік-техникалық колледждерде білім алады. Ал бұл сен секілді жастар үшін заманалық білімдерді, кәсіп пен өнерді, шет тілдерді үйренуге үлкен мүмкіндіктер береді.

Жаңа білім беру жүйесі бойынша жоғары білім екі сатыдан – бакалавриаттан және магистратурадан тұрады.

Тәуелсіздік жылдарында жаңадан ашылған университеттер, жоғары оқу орындары мен оқу орталықтары да елімізде қалыптасқан жаңа білім беру жүйесінің мүмкіндіктерін айқындаі түседі.



Ең маңыздысы, бұл жүйе сендей жастардың еркін білім алуына, сау-саламат және кемел болып өсуіне қызмет етуде.

Дейтұрганмен бүгінгі танда Отанымыздың жарқын болашағын көре алмайтын, оның ұлы мемлекеттер қатарынан орын алуын қаламайтын күштер де табылады. Олар ең алдымен еліміздің келешегін белгілейтін жас үрпақты өз ықпалына алуға, осылайша мемлекеттің болашағына балта шабуға тырысады. Бұндай қауіп-қатерлерге халықаралық лаңқестік пен содырлық, діни фанатизм, алуан түрлі идеологиялық ағымдар, ақылаксыздық, «бұқаралық мәдениет» дейтін бетпердемен бүркемеленген жасанды мәдениет үлгілері, нашақорлық, маскунемдік, есірткішімдік тәрізді дерпттер жатады.

Қазіргі танда жастар жолында кедергі-тосқауыл болып жатқан кері көріністерге қарсы күресудің ең тиімді әдісі – білім мен ағарту болып табылады. Сондыктан да елімізде білім берудің сапасын жақсартуға, жастарды батыл да кемел адамдар етіп тәрбиелеуге жіті назар аударылып отыр. Өйткені әлем тек батыл да батыр, өзінің талантына, білімі мен тәжірибесіне сүйеніп өмір сүретін тұлғаларды ғана танып, құрметтейді. Ондай дәрежеге жету үшін тынымсыз оқып-ізденген, әрі физикалық тұрғыдан, әрі рухани тұрғыдан мықты болған жөн.

Сен халықаралық спорт олимпиадаларын, басқа да беделді жарыстарды көргенбісің? Ондай бәсекелерде қайсы мемлекеттің туы көбірек көтеріліп, мемлекеттік әнұраны көбірек ойналады? Қайсы мемлекеттің спортшы жастары алтын медальдарды көбірек ұтып алады?

Мінеки, осының өзі-ақ ержүрек, жан-жақты мықты перзенттері көп елді бүкіл дүниежүзі мойында, құрметтейтінін көрсетеді.

Кадірлі окушы, сен мынаны есінде сақта, азат Отанымызды ұлықтау үшін ең алдымен мойнымыздың перзенттік борышымызды шын жүректен атқаруға тиіспіз. Өзіміз таңдаған мамандықты немесе кәсіпті тыңғылықты менгеріп, іс жүзіндегі әрекет-қимылымызben туған еліміздің гүлденіп-дамуына үлесімізді қосуымыз керек. Сен өзінің таланттымен және шеберлігімен еліміздің атын бүкіл әлемге паш етуге ұмтылған жастар жөнінде теледидардан, радио мен газет-журналдардан көріп те, оқып та жүрген боларсын. Өсірсек халықаралық дәрежедегі төреші, «Өзбекстан мақтанышы» атағының иегері Равшан Ирматов, ауыр атлетика бойынша әлем чемпионы Руслан Нуриддинов, шахмат бойынша халықаралық гроссмейстер Нафиса Муминова рәүіштес әпкелерін мен ағаларының спорт салындағы жетістіктерінен өрнек алып, соларға ұқсан Отанымызды өз таланттыңмен әлемге танытуға ұмтылып өмір сүру — сендер үшін негізгі мақсат болуы қажет.

Адам баласы үшін кіндік қаны тамған сүйікті өлкеде өмір сүру қандай үлкен бақыт болса, оның болашағын белгілеу ісіне қатысу да — соншалықты үлкен абырай. Сенің алдында да нақ сондай жауапты міндет тұрғанын ешқашан ұмытпауға тырыс.





Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неліктен біз «жастар – Отанның келешегі» дейміз?
2. Ел болашағының құрылышшыларына айналу үшін жастар қандай касиеттерге ие болуы керек?
3. Әлем кімді танып, кімді құрметтейді?
4. Мемлекетіздің атын әлемге танытуға лайыкты үлес қосып жүрген жастарды атай аласың ба?
5. Мына суреттердегі адамдарды танисың ба? Олар қайсы салалардағы жетістіктерімен бізге өрнек болып жүр?



1



2



3



4

«Біз ешкімнен кем болмаймыз» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер

1. Ислам Каримов. Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 94–96-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Әлішер Науай атындағы Өзбекстан Үлттүк кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 13–16-беттер.
3. Ma'naviy yuksalish yo'lida. Ташкент, «Узбекистон» баспасы, 2001 жыл.
4. XXI asr: istiqbolimiz timsollari. Ташкент, «Узбекистон» баспасы, 2001 жыл.
5. Иқбол Мырза. Agar jannat ko'kda bo'lsa... Ташкент, «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы бас редакциясы, 2010 жыл, 5–8-беттер.



ОҚУ МЕН ТӘРБИЕНИН ҮНДЕСТІГІ

Қадірлі оқушы, кез қелген елдің күш-күдіреті, ең алдымен, оның халқы мен перзенттерінің саламаттығына тікелей байланысты.

 *Адамның тәні өз міндеттін толық атқаруға қабілетті болса, оны саламат дейміз. Саламаттық екі түрлі болады. Алғашқысы – физикалық денсаулық, ал екіншісі – рухани денсаулық.*

Егер адамның дені де, рухы да сау болса, ол толыққанды адам болып саналады және кемел тұлғага айналуы мүмкін. Бұл үшін оның тәнін де, руханиятын да ұздіксіз шынықтырып, тәрбиелеп отыру керек. Бұндай жетілу үдерісі өмір бойы жалғаса береді.

 *Өзіне-өзі қанағаттанбай, әрқашан алға қарай, біліктілік пен жан-жақтылыққа ұмтылып өмір сүретін адам – кемел адам болып табылады.*

Демек, кемел боламын деген адам әрқашан ізгілікке талпынады. Бұл ретте оның қандай мамандық иесі, қайсы рудың немесе қайсы ұлттың өкілі екендігі маңызды емес. Арамызда қарапайым шопан яки құрылысшы бола тұрып, өз шеберлігі, адал еңбегі арқылы сый-құрметке бөлениген жүздеген адамдар бар. Немесе әлемдік шенберде өнер, ғылым мен білім, спорт салалары бойынша ұлы жаналықтар ашқан тұлғаларды алайық. Олардың әрқайсысы түрлі ұлт пен ұлысқа, белгілі бір мамандық саласына тән. Бірақ бұл жағдай олардың адамдық кемелдігіне нүқсан келтірмейді, керісінше жәрдем беруі мүмкін.

Адамның өз Отаны мен халқына деген махаббаты наным дәрежесіне көтерілсе, оның қасиеттері одан сайын арта түседі. Кемелдік деңгейіне жеткен адамдар бейнесінде тек олар жата-

тын халық пен Отан фана емес, бүкіл адамзатқа тән адамгершілік қасиеттер көрініс табады. Мәселен, Сократ, Әлішер Науай, Шекспир, Махатма Ганди тақылеттес ұлы тұлғалар да өз халқының, сонымен қатар бүкіл адамзаттың лайықты перзенттері болып саналады. Әйткені бүкіл адамзат олардың бейнесінен өзі армандаған қасиеттерді таба алады.



Демек, адам еліне, адамзатқа қаншалықты көп пайда келтірсе, өзі де соншалықты жетіле түседі.

Адамның тәні мен рухы бір-бірімен соншалықты тығыз байланысты, тәндегі кемшілік рухына, рухындағы кемшілік тәніне әсер етпей қалмайды. Сондықтан ата-бабаларымыз дұға жасаған кездерінде «Тән-жаның сау болсын» деп тілек білдіреді.

Тән мен рухтың үйлесуі оқу мен тәрбие ісін біртұтас күйде үйлестіре жүргізуі талап етеді.



«Оқуды – тәрбиеден, ал тәрбиені – оқудан ажыратуға болмайды, бұл – шығыстық көзқарас, шығыстық өмір философиясы»¹.

Кейде жан-жақты саламат болып туылған адам да нашар тәрбиенің салдарынан әрі тәні, әрі жаны жаралы болып қалуы әбден мүмкін.



Тәннің сырқаты дene мүшелерінің әр түрлі ауруларға шалдығынан көрінсе, рухтың, яғни жанының сырқаты адамның өтірікшілігі, жалқаулығы, самарқаулығы, ашуашандығы, меммендігі сияқты жаман әдеттерінен көрінеді.



Тән де, жан да тұрақты күтімге мұқтаж. Сол себепті де адамның саламат болуы мен жан-жақты кемелденуінде тәрбие – басты өлшем болып табылады.

Саламат бала – қоғамның баға жетпес байлығы. Себебі адам саламат болғанда фана өз таланттымен, ақыл-зейінімен және күш-

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 61–62-беттер.



қайратымен Отанына адал қызмет ете алады. Сондықтан өз келешегін ойлаған қоғам жас үрпактың саламаттығы мен рухани кемелдігін бірінші орынға қояды. Бірақ адам кәмелетке жетіп, дербес өмірге қадам басқан соң, өз тағдыры жөнінде өзі ойлануға, тәні мен жанын тәрбиелеуді күнделікті өмір салтына айналдыруға міндетті.



Тән мен ділді таза сақтау, спортпен шұғылдану, деңені шынықтыру, өз мезгілінде жұмыс істеп, өз мезгілінде тынығу, медициналық байқаудан дер кезінде өту, өнер және мәдениет құралдары арқылы жан байлығы мен сана-түйсігін байыту, жаман істерден аулақ жүріп, жақсы істердің үйіткышы болу – бұлардың барлығы да өзін-өзі тәрбиелеуге жатады. Осылайша адам салауатты өмір салтына, кемелдікке жақындаі береді.



Салауатты өмір салты деп зиянды әдептерден арылып, ғылым мен білім, руханият, спорт арқылы өзін-өзі тәрбиелейтін, адамның, жанұя мен қоғамның кемелденуіне қызмет ететін өмір сурғу формасы айтылады.

Өзін-өзі тәрбиелейтін адамның ерік-жігері мықты болуы керек. Өзінің кәсібі мен мамандығы, таланты арқылы үлкен нәтижелерге жеткен адамдардың өміріне назар аударатын болсақ, олардың қызметінде мықты ерік-жігердің шешуші рөл атқарғанын көреміз.

Әсіресе спортшылар қауымының сан түрлі жарыстарда ерлік пен батырлықтың ерен үлгілерін көрсеткенін жақсы білеміз. Мысалы, әйгілі өзбек боксшысы Руфат Рысқиевтің 1974 жылы Кубада өткен әлем біріншілігінде көрсеткен ерлігі ерекше мақтауга лайыкты. Бұл даңқты жерлесіміз жартылай финалдық айқаста қатты жарақаттанады. Дегенмен алған бетінен қайтпайтын өжет боксшы бір қолы икемге келмей қалса да, намысқа тырысып, финалдық айқасқа қатысады. Руфат Рысқиев өз елінің, туған халқының атақ-даңқын ойладап, бар ерік күшін жинап, шайқасты табандылықпен жалғастыра береді. Ақыр сонында ол өзінен күші басым қарсыласын тізе бүктіреді.

Руфат Рысқиев осылайша өзбек боксшылары арасынан бірінші болып әлем чемпионы деген жоғары атаққа ие болады.

Бұндай мықты ерік күші мен ізгі қасиеттер бізге ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқаны ақиқат. Тарихи кітаптарға жүгінсек, бір шайқаста Әмір Темір бабамыздың аяғы мен қолына оқ тиіп, ауыр жарапанады. Соған қарамастан ол шайқас алаңын тастап кетпейді. Керісінше жауынгерлерінің рухын көтеріп, оларды қанқұйлы жауға қарсы тегеурінді шабуылға бастайды. Бұндай ерік-жігер мен қажыр-қайрат ұлы қолбасшыға женіс пенabyрой әкеледі.

Күшті ерік-жігер мен ұлы ерліктін үлгілерін Бабыр Мырзаның өмірі мысалынан да айқын көруге болады. Бұл тұлғаның өмір шежіресі болып табылатын «Бабырнама» шығармасын оқып шықсан, 12 жасынан Әндіжан тағының иесі болған кезінен өмірінің соңғы сәттеріне дейін ол рухани ерлік көрсеткенінің күәсі болласын. Бабыр Мырза Шейбаниханның кудалауынан бас сауғалап, Хожент тауларында сергелденде жүрген кездерінде қыстың қақаған аязына қарамай, өзен суына бірнеше рет сұңғіп алатын болған. Ең жақсысы, бұл оқиға жөнінде ұлы бабамыздың өзінен естик: «**Ол кездерде күн соншалықты суық еді, екі-үш адам аязға шыдай алмай өліп те тынған болатын... Өзен жағалауларын қалың мұз басқан, орта шенінде судың терендігіне құрық бойламайтын еді. Сол суға түсіп, ғұсыл қылдым**¹. Суға он алты рет сұңғіп шықтым. Мұздай су санамды айқындалап, тұла бойымды сергітті».

¹ Ғұсыл қылдым — шомылдым.



Басқа адамдар қалың киімге оранып алғанымен, үскірік аязға шыдай алмай, өліп жатқандар бар кезде мұздай суға он алты рет сұнгіп шығу онай ма? Бұл үшін сол адамның тәні өте мықты, қуатты болумен қатар, рухы да, ерік қүші де мұқалмаған, қайратты болуы қажет, әрине.

Расында да тағдырың кез келген сынақтарына шыдауды, оларды мойымай жеңіп, жоғары адамгершілік қасиеттер көрсетуді ата-бабаларымыз қатардағы оқиға, қарапайым құбылыс деп санаған. «Алпамыс» дастанының басты кейіпкері Хакімбек – Алпамыс өз мақсатына жеткенге дейін қаншалықты ауыр қыншылықтар мен сынақтарды бастан өткізген. Бірақ ол ешқашан үмітсіздікке берілмейді. Өйткені өзінің қүші мен мүмкіндігіне, еркіне қатты сенеді. Сондықтан да тоқсан дәуді қирата жеңіп, айдай сұлу Гүлбаршының өз еліне алып кетеді.

Бүгінгі танда елімізде жастардың дендері сау, кемел азаматтар болып өсуі жолында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ Президенттің бастамасымен «Салауатты үрпақ үшін» халықаралық қайырымдылық қоры және осындай атпен шығатын журнал ұйымдастырылды. Отанымыздың ең алғашқы жоғары марапаты да «Салауатты үрпақ үшін» ордені деп аталады. Елімізде ана мен баланың денсаулығын нығайту, спорт пен дене шынықтыруды өркендету



жолында салынып жатқан жаңа денсаулықты нығайту кешендері, санаторийлер, спорт аландары да осы игі мақсатқа қызмет етіп келеді. Әсіреле «Умид николлари», «Баркамол авлод», «Универсиада» жарыстарын қамтитын үш сатылы біртұтас жүйенің қалыптасқандығы әлемдегі басқа мемлекеттерде кездеспеген құнды күбылыс болып табылады.

Елімізде 2000 жыл – «Салауатты үрпақ жылы», 2001 жыл – «Ана мен бала жылы», 2008 жыл – «Жастар жылы», 2010 жыл – «Кемел үрпақ жылы», ал 2014 жыл – «Саламат бала жылы» деп жарияланып, арнайы мемлекеттік бағдарламалар негізінде кең ауқымды жұмыстардың жүзеге асырылғанын сен сияқты жас үрпақ өкілдеріне қаншалықты үлкен қамқорлық көрсетіліп отырғанының іс жүзіндік нәтижесі дей аламыз.

Өз кезегінде еліміздің жастары да бүндай қамқорлықтардан жігерленіп, түрлі салалар бойынша бастапқы қуанышты жетістіктерге қол жеткізе бастады. Мәселең, 2014 жылы 10 окушы ірі халықаралық музика фестивальдарында «гран-при» деп атапталып ең жоғары жүлдені женіп алды, ал 60 окушы бірінші орындарға ие болды. Қытай Халық Республикасының Нанкин қаласында өткен жасөспірімдер олимпиадасында 28 жас спортшымыз 4 алтын, 3 күміс, 3 қола – барлығы 10 медальдың иегерлері атанды. Онтүстік Кореяның Инхеон қаласында өткен Азия ой-

ындарында Өзбекстан өкілдері 9 алтын, 14 күміс, 21 қола – барлығы 44 медальды иеленіп қайтты.

Кадірлі оқушы, қолындағы оқулықта Елбасымыз Ислам Каримовтың «Жоғары руханият – женілмес күш» кітабына жиежі сілтеме жасағанымыз тегін емес. Мынаны есте сакта, бұл кітап нағыз сен сияқты жалынды жас үрпактың өкілдері үшін жазылған. Есейіп, ержеткенінде бұл кітапты өзің дербес оқып, онда баяндалған пікірлер мен ұсыныстарды теренірек ұғынып аласың деп сенеміз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қандай адамды саламат адам дейміз?
2. Кемел адам болу үшін не істеу керек?
3. Қандай адамды жан-жақты кемелденген дей аламыз?
4. Оқу мен тәрбиені неліктен бір-бірінен ажыратуға болмайды?
5. Мына суреттерде бейнеленген жаттығулардың қайсысы денені, қайсысы рухты тәрбиелеуге қызмет етеді?



1



2



3



4

6. Өзін-өзі тәрбиелеу дегенде нені түсінесін?
7. Эйгілі боксшы Руфат Рысқиев қалайша әлем чемпионы болды?
8. Ұлы ата-бабаларымыздың ерлік істері жөнінде не білесін?
9. Президент Ислам Каримовтың «Жоғары руханият – женілмес күш» кітабы кімдерге арналған?

«Жастар – Отанның келешегі» тақырыбындағы практикалық жаттығуға арналған әдебиеттер


1. Ислам Каримов. Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. Ташкент, «Маънавият» баспасы. 2013 жыл, 60–64-беттер.
2. Ислам Каримов. Vatan va xalq mangu qoladi. Ташкент, Әлішер Науай атындағы Өзбекстан Үлттық кітапханасы баспасы, 2010 жыл, 126–130-беттер.

ҚАЙТАЛАУ

«МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ӨМІР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР



1. Руханият дегенде нені түсінесін?
2. Адамзат қандай сұраныстарымен тірі?
3. Тек материалдық немесе рухани ұмтылыспен фана өмір сұруғе бола ма?
4. Елбасымыз материалдық және рухани дүниені неге теңейді?
5. Павел Третьяков материалдық байлығын қандай іске сарп етті?
6. Альфред Нобель ше?
7. Әлішер Науай жеке қаржысы есебінен қандай жұмыстарды жүзеге асырды?
8. Мына суреттердің қайсысында рухани байлықтар бейнеленген?



1



2



3



4

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Руханият сөзі қайсы сөздердің көптік формасы болып табылады?

- A) «музыка», «саз»
B) «мән», «мағына»
C) «идеология», «ағарту»
D) «мәдениет»

2. Өз қаржысын ізгі істерге жұмсаған ұлы ойшыл ақын кім?

- A) Мукими
B) Завқи
C) Гүлхани
D) Әлішер Науай

3. Материалдық және рухани дүниені неге теңеуге болады?

- | | |
|------------------------------|---------------------------|
| A) Екі параллель сзыққа | C) Екі қолдың бірігүіне |
| B) Үшқан құстың қос қанатына | D) Екі жылғаның қосылуына |

4. Палуан Махмұдтың даңқы неден шыққан?

- | | |
|---------------------------|---------------------------------|
| A) Ұлы хафиз болғандықтан | C) Шебер сәүлетші болғандықтан |
| B) Шебер колөнершіліктен | D) Әйгілі күрескер болғандықтан |

«ОТТА ЖАНБАҒАН МҰРА» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

-  1. Рухани байлықтың артықшылығы неде?
2. Қайсы кітап он екі мың ірі қараның терісіне жазылған?
3. Неліктен «Авесто» кітабы отқа жақса да толығымен жойылып кетпеді?
4. Ағарту ісіне жақын халықтар материалдық байлықтарды неге жұмсайды?
5. Мың жылда бір-ақ рет туылатын ғұлама деп кімді айтқан?
6. Ибн Синаның ең ұлы шығармасы қайсы?
7. Мына суреттегі кітаптардың авторлары кім екенін айт.

МЕДИЦИНА
ЗАНДАРЫ

ЛӘЙЛІ
МЕН
МӘЖНУН

ҮНДІСТАН

АЛ-МУФАССАЛ

1

2

3

4

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Материалдық байлықтың артықшылығы неде?

- | | |
|---------------------------------|--------------------------|
| A) Көп жерді алмайды | C) Құзетші керек емес |
| B) Отта жанбайды, суға батпайды | D) Бұзылмайды, айнымайды |

2. Ағарту ісіне жақын халықтар материалдық байлықтарын жұмсайтын сала қайсы?

- | | |
|-------------|-----------------|
| A) Құрылыш | C) Сауда |
| B) Руханият | D) Қолөнершілік |

3. Ибн Синаның ең ұлы шығармасы қайсы қатарда көрсетілген?

- A) «Бұхара тарихы»
B) «Метафизика»
C) «Медицина зандары»
D) «Абзал адамдар қаласы»

4. Әлішер Науай шығармаларында колданылған сөздердің саны қанша?

- A) 21 мың 193
B) 26 мың 35
C) 20 мыңнан астам
D) 80 мың

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Құндылық сөзі қандай мағынаны білдіреді?
2. Ұлттық құндылықтар қалай қалыптасады және қалай жетіледі?
3. Наурыз мейрамы ненің қайталаңбас бейнесі болып келеді?
4. Ұлттың өзімен бірге қалыптасатын, оның негізгі белгісі болып табылатын қандай құндылықты білесін?
5. Ұлттық құндылықтар қашан дамиды?
6. Төмендегі суреттерде қандай өдөт-фұрыптар мен құндылықтар бейнеленген?



ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Құндылық сөзі қайсы сөзден алынған?

- A) Сүйікті
B) Құнды
C) Қымбат
D) Асыл

2. Ұлттың өзімен бірге қалыптасатын құндылық қайсы?

- A) Мейрамдар
B) Дін
C) Тіл
D) Мәдениет

3. Бұрынғы кеңес заманында ұлттық құндылықтарымыз қандай күйде еді?

- A) Тыйым салынды C) Байи тұсті
B) Дамыды D) Қайта тіктелді

4. 21 наурыз күні кіріп келетін мейрам қайсы?

- A) Конституция күні C) Наурыз
B) Отан корғаушылар күні D) Тәуелсіздік күні

«ЖАЛПЫАДАМИЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жалпыадамилық құндылықтар деген не?
2. Зардыштилік қандай ілім?
3. Буддизмнің негізін қалаған кім?
4. Біздің тіліміздегі өзге тілдерге аударылуы қын қандай сөздерді білесін?
5. Наурыз мейрамының астарында қандай жалпыадамилық құндылықтар бар?
6. Суреттерде қандай құндылықтарымыз бейнеленген?



ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Қандай құндылықтар жалпыадамилық құндылықтарға жатады?

- A) Заманаңық құндылықтар
B) Ежелгі құндылықтар
C) Бүкіл адамзаттың өмірі үшін қадірлі, маңызды құндылықтар
D) Келешекке қызмет ететін құндылықтар

2. Ертеде қайсы жол түрлі халықтардың жетістіктерін пайдалануға қызмет еткен?

- A) Ұлы Қытай жолы C) Ұлы Азия жолы
B) Ұлы жібек жолы D) Ұлы темір жол

3. Наурыз мейрамы мазмұнындағы жалпыадамилық арман-ұмтылыштар.

- | | |
|---------------------|--|
| A) Сумалак | D) Табиғатқа мейірімділік, туған топырақтың өнімдерін пайдалану, оларды абайлап сактау |
| B) Көкпар | |
| C) Батпирауық ұшыру | |

4. Елімізде өткізіліп жатқан халықаралық музыка фестивалі.

- | | |
|--------------|--------------------------|
| A) Регистан | C) «Шарқ тароналари» |
| B) Самарқант | D) «Классикалық өуендер» |

«БІЗ – ӨЗБЕКСТАН АЗАМАТЫМЫЗ» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Адамның азаматтығы нені білдіреді?
2. Азамат сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. Ерте замандарда азамат сөзінің орнына қолданылған қандай сөздерді білесін?
4. Біз қайсы мемлекетке тиесіліміз?
5. Азаматтық сезімі неліктен бізге қуаныш бағыштайды?
6. Біздің азамат ретіндегі борыштарымыз қандай?
7. Патриоттық қасиеттердің қалыптасуында азаматтық сезім қандай рөл атқарады?
8. Азаматтық борыштарынabyroymen орындаған жүрген тұлғалардан кімді білесін?
9. Мына суреттердегі азаматтық борышын атқарып жүрген тұлғалар туралы әңгімелे.

**1****2****3****4**

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Азаматтық сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- | | |
|----------|-----------------|
| A) Халық | C) Тиесілі, тән |
| B) Ел | D) Өкіл |

2. Ертеде қайсы сөздер азamat сөзінің орнына қолданылған?

- | | |
|----------|-----------------|
| A) Халық | C) Пакыр, бодан |
| B) Ел | D) Ұлыс |

3. Біз қайсы мемлекеттің азаматымыз?

- | |
|------------------------------|
| A) Бақтрия мемлекетінің |
| B) Күшан мемлекетінін |
| C) Өзбекстан Республикасының |
| D) Темурилер мемлекетінің |

4. Біздің азамат ретіндегі борышымызға нелер жатады?

- | | |
|----------------------------|-----------------------------|
| A) Занға сүйеніп өмір сұру | C) Театрға және киноға бару |
| B) Кітап оқу | D) Саяхатқа шығу |

«ПАТРИОТИЗМ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

- 
1. Патриотизм деген не?
 2. Отанды әлемге танытатын кімдер?
 3. Отаншылдық неден басталады?
 4. Нағыз қаһармандықты қалай түсінесің?
 5. Жалолиддин Мангубердінің ерлігі жөнінде әңгімелес.
 6. Жалолиддин Мангубердіге күш-қайрат берген не?

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Отанды әлемге танытатындар кімдер?

- | | |
|---------------------------|--------------|
| A) Нағыз патриот тұлғалар | C) Аға ұрпақ |
| B) Окүшы жастар | D) Жас ұрпақ |

2. Отаншылдық нені ұғынудан басталады?

- | | |
|-------------|-----------------|
| A) Өздігін | C) Отан сезімін |
| B) Ақиқатты | D) Руханиятты |

3. Нағыз қаһармандық деген не?

- | | |
|-------------------|-----------------|
| A) Батырлық | C) Адамгершілік |
| B) Кішіпейілділік | D) Жанқиярлық |

4. Жалолиддин Мангубердіге күш-қайрат берген не?

- | | |
|-----------------|---------------------|
| А) Ержүректілік | С) Отан сезімі |
| В) Біліктілік | Д) Туған жер сезімі |

«ОТАНДЫ ҰЛЫҚТАУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Неліктен халқымыз «Жастар – Отанның келешегі» дейді?
2. Келешегін ойлаған мемлекет нелерге көніл бөледі?
3. Жапония қалайша құдіретті мемлекетке айналды?
4. Өткен ғасырдың бас кезінде ағартушы бабаларымыз қандай ерлік көрсетті?
5. Абдулла Авлонидің тәрбие жөніндегі пікірін баянда.
6. Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасы қашан қабылданды?
7. Бұғінгі таңда жастарға ықпал жасауды көзделеп отырған қандай қауіп-қатерлер бар?
8. Төмендегі суреттер негізінде елімізде жас ұрпаққа туғызылып жатқан мүмкіндіктер жөнінде әнгімелеп бер.



1



2



3



4

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Жастар тәрбиесіне кім көніл бөледі?

- A) Тарих жөнінде ойлаған халық
- B) Бұғінгі күн жөнінде ойлаған қоғам
- C) Өз келешегін ойлаған мемлекет
- D) Руханият жөнінде ойлаған ұлт

2. Жапония қандай мемлекет?

- | | |
|--------------------|-------------------------------|
| А) Ірі мемлекет | С) Дамып келе жатқан мемлекет |
| В) Батыс мемлекеті | Д) Дамыған құдіретті мемлекет |

3. Абдулла Авлонидің тәрбие жөніндегі пікірлері қайсы жауапта дұрыс берілген?

- A) Окуды тәрбиеден ажыратуға болмайды
- B) Тәрбие біз үшін не өмір – не өлім, не ізгілік – не апат, не игілік – не құрдым мәселең болып табылады
- C) Тәрбие – ұлы байлық
- D) Тәрбие – ұстаздан

4. Кадрлар даярлаудың ұлттық бағдарламасы қашан қабылданған?

- A) 2004 жылы
- C) 1997 жылы
- B) 2009 жылы
- D) 1991 жылы

**«ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ ҮНДЕСТІГІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША
СҮРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР**

1. Кімді саламат деуге болады?
2. Кемел сөзінің мағынасын білесің бе?
3. Дене шынықтыру жаттығулары нені тәрбиелейді?
4. Нендей нәрселер рухты тәрбиелеуге қызмет етеді?
5. Мына суреттерден тән мен рухты тәрбиелеуге қызмет ететін жағдайларды көрсет.



- 6. Ұлы ата-бабаларымыздың ерлік істеріне мысалдар келтір.
- 7. Ерлік көрсетіп әлем чемпионы атанған әйгілі боксшы кім?
- 8. Жастарға арнап жазылған кітаптың атын айт.

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Кемел сөзінің мағынасы қайсы қатарда дұрыс берілген?

- A) Саламат
- C) Жан-жақты жетілген
- B) Ержүрек
- D) Бақытты

2. Кубада әлем чемпионы болған әйгілі боксшымыздың есімі кім?

- | | |
|-------------------|------------------|
| A) Артур Григорян | C) Элшод Расулов |
| B) Аббос Атоев | D) Руфат Рысқиев |

3. Елімізде қайсы жыл «Салауатты ұрпақ жылы» деп жарияланған?

- | | |
|-------------|-------------|
| A) 2005 жыл | C) 2000 жыл |
| B) 2007 жыл | D) 2010 жыл |

4. Елбасымыздың жастарға арнап жазған кітабы қалай аталады?

- A) «O'zbekistonning o'z istiqlol va taraqqiyot yo'li»
 - B) «Olloq qalbimizda, yuragimizda»
 - C) «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch»
 - D) «Vatan va xalq mangu qoladi»
-



* * *

Қадірлі оқушы, үнді халқының ұлы перзенті, Үндістанда XX ғасырдың 30-жылдарында басталған ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі Джавохарлал Нерудің (1889–1964) төмендегі ойпікірлері де сенің Отан жөніндегі ұғымынды кеңейтуге қызмет етеді деп ойлаймыз.

Бүкіл өмірін ел азаттығы жолындағы құреске арнаған бұл тұлғаның тағдыры өте-мөте өнегелі. Ол ұлт-азаттық рухындағы идеялары үшін Үндістандағы ағылшын отаршыларының қудалауына ұшырап, абақтыға жабылған, сөйтіп, өмірінің он жылдан астамын түрмеде өткізген. 1947 жылы Үндістан өз тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін Неру мемлекеттің Премьер-министрі әрі Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарған. Үнді халқы арасында ол «Жаңа Үндістанның жасампазы» деген атқа ие болған.

Неру абақтыда жатқан кездерінде Отан азаттығы туралы ойлаумен қатар әкелік борышын атқаруды да ұмытпаған: қызы Индирага дүние жүзі тарихы туралы көптеген хаттар жазған. Бұл хаттарда дүние тарихы, адамзат өміріндегі ең маңызды оқиғалар Отан мұдделері қозқарасы тұрғысынан сипатталған. Неру осылайша қызының жүргегіне Отан сезімін дарытуға, оны ерік күші мықты, жоғары зейінді, өз халқына адаптацияның өзінде әкесінің тәрбиеесі, соның ішінде оның абақтыдан жазған хаттары да елеулі рөл ойнағаны сөзсіз.

Көп жылдар бойы Үндістанның Премьер-министрі болған, өз мемлекетінің гүлденіп-дамуына, дүние жүзі халықтары ортасындағы достықты нығайтуға ұлкен үлес қосқан Индира Ганди – сол хаттардың жазылуына себеп болған әйгілі әйел. Бір өкініштісі, аса білімді де дана саясаткер әйелді үнді халқының дүшпандары қастандық жасап өлтірді. Индира Гандидің ұлы Раджисив Ганди де атасы мен анасының жолын қуып, атақты мемлекет қайраткері дәрежесіне жетті. Өкінішке орай ол да жауыз қаскөйліктің құрбаны болды. Бүгінгі таңда оның ісін зайыбы Сония Ганди жалғастырып келеді.

Джавохарлал Нерудің қызына жазған хаттары үш томға жи-нақталып, «Дүние тарихына бір назар» деген атпен баспадан шық-қан. Сенің назарыңа ұсынылып отырған төмөндеңі хатта ұлы ба-бамыз Захириддин Мұхаммед Бабыр жөніндегі әңгімеленіп, осынау ұлы тұлғаның Үндістанның ғұлденіп-дамуына қосқан үлесіне үлкен баға беріледі.

Бабыр

1932 жылғы 3 қыркүйек

Мен саған Бабыр туралы бұрын да біраз нәрселерді әңгімелеп берген едім. Ол Темір әuletінен болатын. Бабыр дүниедегі ең білімдар, данышпан адамдардың бірі болған. Ол шағын әuletтің мұддесін ойлаудан және діни фанатизм көзқарастарынан мулде аулақ жүрді. Гүлдер мен бақтарды қатты сүйді, Үндістанның ми қайнатқан аптабында өзінің Орта Азиядағы Отанын жи еске алатын еді. Бабыр Самарқант қаласының билеушісі болғанда 11 жастағы бала болатын. Бұл міндеттің үдесінен шығу анау-мынау ересек адамның қолынан келе бермейтін. Оның айналасында дүшпан-дар өріп жүрді.

Жас та болса алғыр перзент басқа балалар мен қыздар мектепке қатынап жүрген кезде қолына қылыш алып, соғыс аланына шығуға мәжбүр болды. Ол өз тағын бір рет уысынан шығарып, оған қайта ие болды. Дау-дамайға толы өмірі ба-рысында көптеген сынақтарды басынан өткізді. Соған қара-мастан, ол әдебиетпен, поэзиямен және өнермен шүғылдан-ды. Тұла бойында жалындаған жастық қайрат оның жайба-рақат өмір сүруіне жол бермеді. Жас шахзада Қабулды алған соң, Гиндукуш тауларынан асып, Үндістанға басып кірді. Оның әскері оншалықты көп болмағанымен, сол кездерде Еуропа мен Батыс Азияда қолданыла бастаған жаңа зеңбіректер бар еді. Осы шайқаста оған қарсы соғысқан кисапсыз әскер жақ-сы шыныққан, жаңа зеңбіректері бар аз санды әскерден тас-талқан болып жеңілді, сөйтіп Бабыр жеңіске жетті.

Бірақ ұлы тұлғаның өміріндегі қыншылықтар бұнымен таусылмайды, оның өмірі тағы бірнеше рет қауіп-қатермен бетпе-бет келеді. Бір жолы оның өмірі қыл үстінде тұрғанда, әскербасылар оған солтүстікке қарай шегінуді ұсынады. Бірақ тумысынан өжет те ержүрек Бабыр: «Артқа шегінгеннен ғорі, шайқасып өлгенім артық», – деп жауап береді.

Жалпы алғанда ол ішкілікті жақсы көретін еді. Дегенмен өз өмірі қауіп астында тұрғанда ішкілікті тастауға үйгарып, өзінің барлық ішімдік қорларын қиратып тастайды. Сол жолғы шайқаста Бабыр женіске жетеді де, өз сертіне адалдық танытып, екінші рет шарапты аузына алмайды.

Бабыр Үндістанда бар-жоғы 4 жыл өмір сүріп, қайтыс болды. Бұл төрт жыл үздіксіз шайқастарға толы еді. Сол себепті ол бір сәт те тыным көрмеді. Бабыр Үндістан үшін бөтен, жат жерлік билеуші болып қала берді, өйткені ол бұл өлкені жақсы білмейтін еді.

Ол Агра қаласында сәулетті астана құрды. Осы мақсатпен Константинополь – Стамбул қаласынан әйгілі сәулеткерді әкелуге арнайы адам да жібереді. Бабыр Үндістан туралы, оның жануарлары мен گүлдері, жемістері мен ағаштары жөнінде әңгімелеп береді, тіпті бақаларды да ұмыт қалдырмайды. Өз Отанындағы қауын-қарбыздарды, жүзімдер мен گүлдерді еске алғанда, оның жүрегі шексіз сағынышқа, өксікке толады.

Кейде ол Үндістан адамдарынан ренжігенін де жасырып отырмайды. Шахтың жазуына қарағанда, бұл жерде олардың пайдасын көзделеп сөйлейтін бірде-бір жанды кездестірмеген. Мүмкін, бұған 10 жылға созылған соғыстар да себеп болған шығар. Жергілікті халықты танып-білуғе уақыт та таба алмаған болар. Ал едәуір мәдениетті топтар жаңадан пайда болған басқыншы билеушімен қарым-қатынас жасағылары келмеген.

Бәлкім, шеттен келген адамға басқа халықтың өмірін, мәдениеттің түсіну қыын болған шығар. Қайткен күнде де Бабыр бұл өлкеде едәуір уақыт бойы билік құрып келген

ауғандықтардан да, жергілікті халықтан да таң қаларлықтай бірер қасиет таппаған. Ол өте-мөте зерек адам еді. Егер шеттеген келген адам ретінде біраз асыра сілтеген деп санаң та, оның әңгімелері сол кездерде Солтүстік Үндістанның күйі аянышты болғанын көрсетеді. Ал Оңтүстік Үндістанға оның қадамы жеткен жок.

«Үндістан ұлан-байтақ, халқы көп және бай мемлекет екен, – деп әңгімелейді Бабыр. – Шығысы мен Оңтүстігі, тіпті Батысы да мұхитпен шектеседі. Ал Батысы мен Солтүстігі Қабул, Фазни және Кандагарға дейінгі жерді алып жатыр. Бүкіл Үндістан уәляттының астанасы – Дели қаласы».

Тағы бір атап көрсететін жері, Үндістан ол басып алған кезде уақ иеліктерге бөлшектеніп кеткен болса да, Бабыр оны біртұтас мемлекет деп түсінген. Үндістанның осындай біртұастық идеясы еліміздің бүкіл тарихы барысында сақталып қалды.

Бабыр Үндістанды суреттеуді одан әрі жалғастырып, былай деп жазады: «Бұл мемлекеттің біздің уәляяттардан бүтіндей өзгешелігі бар. Таулары мен өзендері, далалары мен шөлдері, ойпаттары мен көгалдары, өсімдіктері мен жануарлар әлемі, тілі мен елі, жаңбыры мен желі – бәрі-бәрі өзгеше... Синд сүйнан өткен соң жері мен сүй, тауы мен тасы Үндістанға тән көрініспен созыла береді. Үндістанның тек бақалары ғана басқа өнірлердің бақаларына ұқсайды екен. Бұл бақалар судың бетімен жеті-сегіз гари (ұзындық өлшемі) жерге секіріп жүреді».

Содан соң ол Үндістандағы хайуанаттар әлемін, ғұлдерді, ағаштар мен жемістерді тізбектейді, ақыр сонында адамдарды сипаттауға өтеді...

«Шындығына келгенде, Үндістан – ұлы уәляят, – деп әңгімелейді Бабыр. – Мұнда алтын мен күміс көп болады екен. Тағы бір ерекшелігі, кәсіпкерлер, өнер иелері де көп сияқты. Әрбір кәсіпкер яки өнер иесі өз өнерін атадан балаға мирас етіп қалдырады және бұл өнерді занды түрде мактан етеді».

Мен Бабырдың «Бабырнама» шығармасынан үлкен үзінділер келтірдім. Бұндай кітаптар бізге адамды сипаттап беруге бағытталған кез келген әрекеттерден гөрі көбірек ұғым береді.

Бабыр 1530 жылы қырық тоғыз жасында қайтыс болды.¹

Оның өлімі жайлы әйгілі бір аңыз бар. Сол аңызға қарағанда, оның тұңғыш ұлы Хумаюн ауыр науқастанып қалады да, тәуіппер оның сырқатына еш ем таба алмайды. Сонда Бабырдың кеңесшілері ұлының жақсы көретін нәрселерінің бірін құдай жолына құрбандыққа шалу керек дейді. Сонда Бабырдың әкелік мейірімі оянып: «Мұхаммед Хумаюнның менен артық жақсы көретін нәрсесі жоқ, мен өзім тасаттық болайын, құдай қабыл қылсын», — деп өз жанын құрбан ету жолымен ұлының өмірін тілеуге ұйғарыпты. Ол осындағы қатаң шешімге келіп, Хумаюн жатқан бөлмеге кіреді де, ұлын үш рет айналып: «Не дертің бар болса, мен көтердім», — дейді. Сол сәттен бастап Хумаюн дертінен айығады, ал Бабыр халден тайып құлайды да, бірнеше құннен кейін қайтыс болады.

Бабырдың денесін Қабулға апарып, оның өзі ұнатқан баққа жерлейді. Ақыр сонында Бабыр өзі сағынған гүлдер өлкесіне қайтып оралады.



¹ Шындығында Бабыр 47 жасында дүние салған. Өйткені ол 1483 жылы туылған.

МАЗМУНЫ

<i>Бірінші таралу. Отан азаттығы – жоғары игілік</i>	3
Ең ұлы, ең faziz мереке	3
Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!	9
Отанымыздың астанасы	15
Өзбекстан Ұлттық бағы	21
Ұлы да киелі орындар	26
Тарихи жад	32
Ежелгі Регистан	37
Қайталау.....	42
<i>Екінші таралу. Элем мәртті таниды</i>	55
Материалдық және рухани өмір	55
Практикалық жаттығу. Адамгершілік	59
Отта жанбаған мұра	62
Практикалық жаттығу. Өзбекстан – ұлы ғұламалар елі	66
Ұлттық құндылықтарымыз	70
Жалпыадамилық құндылықтар	75
Біз – Өзбекстан азаматымыз	78
Патриотизм	83
Практикалық жаттығу. Өзбекстанның жанқияр перзенттері ..	87
Отанды ұлықтау	91
Оку мен тәрбиенің үндестігі	97
Қайталау.....	104

XAYRIDDIN SULTONOV, MURTAZO QARSHIBOYEV

VATAN TUYG'USI

Umumta'lim maktablarining
6-sinflari uchun o'quv qo'llanmasi

To 'ldirilgan va qayta ishlangan 4-nashri

(*Козоқ тилида*)

Toshkent «Ma'naviyat» 2015

Аударған *A. Ташиметов*

Редакторы *A. Рахманұлы*

Суретші *C. Соин*

Техникалық редакторы *T. Золотилова*

Корректоры *F. Эсанбекова*

Компьютерде беттеген *Ш. Сохивов*

Лицензия АІ №189, 10.05.2011 жылы берілген. Басуға рұқсат етілді 20. 05. 2015 ж.
Калыбы 70x90 1/16. Карібі «Таймс». Офеettік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 8,77.
Есепті баспа табағы 7,15. Таралымы 5270 дана. Тапсырыс № 15-292.

«Маънавият» баспасы. Ташкент, Тараккиет көшесі, 2-түйық көше, 2-үй. Келісім №33-15.

Өзбекстан Баспасөз және акпарат агенттігінің «Узбекистон» баспа-полиграфия
шығармашылық үйінде басылды. Ташкент, Науай көшесі, 30-үй. 2015.

**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте**

P/c	Окүшіның аты-жөні	Оку жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

**Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады.
Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:**

Жана	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгенде жағдайы
Жаксы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парактары бар, жыртылмаған, беттері шимайлансаған.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, аздап шимайлансаған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба былғанған, сзызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парактары жетіспейді, әбден шимайлансаған. Оқулық пайдалануға жарамайды.